

Жаңа өмір,
жаңа күнмен
қауышу
5-бет



Батыр ұрпағы –
барлаушы қыз
7-бет



Сан қырлы
талант әлеміне
саяхат
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 16 НАУРЫЗ, 2024 ЖЫЛ №31 (23 353)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Жаңа дәуірдің жарқын қадамы

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Атырау қаласында өтіп жатқан Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысы секцияларда айтылған ұсыныстар мен бастамаларды талқылаудан бастау алды.



Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сөз басы

– Биыл Ұлыстың ұлы күні қасиетті Ораза айының алғашқы күндерімен тұспа-тұс келіп отыр. Ұлттық Құрылтай да өз Наурыз қарсаңында өтіп жатыр. Ұлыстың ұлы күні табиғат пен тұтас тіршілік жаңарады. Ал, Құрылтайда қоғамдық құндылықтарды жаңғырту үшін маңызды қадамдар жасалады. Жаңару мен жаңғыру жақсылыққа жол ашады, – деп бастады алғы сөзін Мемлекет басшысы.

Ұлттық Құрылтайдың алғашқы отырысы Ұлт ұясы Ұлытау жерінде өтсе, былтыр киелі Түркістан басалқы сөздің бастауы болды. Биыл маңызы жоғары жиын тағы бір тарихи өлке – Атырау облысында өрістеді. Үшінші отырыстың Жайық жағасында өтіп жатқаны есте тегін емес. Әйгілі Сарайшық қаласының табаны осы тұсқа тиіп тұр. Бұл шаһар Ұлық ұлыстың, кейін Қазақ хандығының маңызды әкімшілік және сауда орталығы болғаны тарихтан белгілі.

Алаш жұрты алқақотан жиылған ұлық басқосудың алғы темірқазық мәселесі Ұлт сапасын ұйытып, жаңа құндылықтар жүйесіне берік негіз қалау. Президент Құрылтай қадам дәуірлерден бері той тойлап, әңгіме-дүкен құратын желбегей жер болмағанын қадап айтты.

Тұтастық – Тәуелсіздік тұғыры

Келесі бір маңызы мәңгілікке ұласатын мәжіліс мәселе – елдің ымыра бірлігі. Ынтымақ зиялы қауымның мызғымас бірлігінен бастау алатыны аян. Дінгеіміз болған дін саласында түрлі радикалды не-офиттар халқымыздың салтында жоқ киім үлгілері арқылы да жат діни идеалдарды қоғамға тануға тырысып жүргендігі де кеңінен қаузалды. «Бұл біздің дәстүрлі ұғымдарымыз бен құндылықтарымызға жасалып жатқан ашық шабуыл екені анық», – деп бағамдады Мемлекет басшысы.



– Осы орайда Яссауи кесенесіне қатысты көне жәдігер туралы айта кеткім келеді. Ислам елдерінде әйгілі дін қайраткерлерінің бейіті міндетті түрде арнаулы қабіржапқышпен жабылады. Мәдинадағы Мұхаммед Пайғамбардың қабірі де осылай бүркілген. Бұл – Ислам өркениетінің дәстүрі. Ал, қасиетті Түркістандағы Яссауи қабірінде көптен бері арнайы жапқыш жоқ. Талай заманнан келе жатқан көне

жапқышты қалпына келтіру жұмысы біраз жыл бұрын басталып, аяқсыз қалған. Мен құзырлы мемлекеттік органға осы құнды мұраны тезірек сапалы жөндеуден өткізіп, тарихи орнына қайтаруды тапсырамын! – деді Президент.

Осылайша халқымыздың рухани негізін құрметтей отырып, мемлекетіміздің зайырлы ел ретіндегі мәртебесін күшейте түсуіміз керектігін негіздеген Құрылтай

төрағасы бөгде діни көзқарас иелерінің ықпалымен төл мәдениетімізге жат әрі әлемнің дуалистік негізіне кереғар құндылықтарды насихаттаушылардың жетегіне еріп кету зобаланға жетелейтінін анық аңғартты.

Дінімізбен қатар өрістейтін дәстүрімізде қыз алып қашуды ұлттық дәстүр санап, ел ішінде дәріптегісі келетіндер бар.

► 2-бет

• ДЕНСАУЛЫҚ

Көкжөтел жұқтырғандар көбейіп тұр

Аймақта көкжөтелдің тіркелуі жиілеп кеткен. Бүгінгі таңда көкжөтелмен ауырған 48 адам тіркелген, көбісі балалар. Олардың 90%-ы екпе алмағандар. Денсаулық сақтау басқармасы басшысы Бибігүл Төлегенованың айтуынша, бір бала жан сақтау бөлімінде жатыр.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Көкжөтелдің таралуы ұжымдық иммунитеттің төмендеуімен байланысты. Жоспарлы вакцинацияны жіберіп алғандар, бас тартқандар көп. Ата-аналар балаларында ескенің бар-жоғына назар аударса деймін. Егер алмаған болса, тіркелген жері бойынша медициналық мекемеге барып екпе салдырту керек. Көкжөтелге қарсы екпені баланың 2, 3, 4, 18 айында жасалады, ал ревакцинациясы 6 жасында салынады, – деді Бибігүл Төлегенова.

Көкжөтелдің бірді-екілі жағдайы былтырғы жылдың ортасынан бастап тіркелген болатын. Ал, қазір анықталған жағдайлар қатары артып келеді.

Көкжөтел – өткір бактериялық инфекция, жоғары тыныс алу жолдарының ауруы мен толассыз жөтелмен сипатталады. Ол әсіресе, жас балалар үшін қауіпті. Көкжөтел асқынған жағдайда пневмония, мидың зақымдалуы мен тыныс алудың тоқтауына алып келуі мүмкін.

– Наукас алғашқы белгілер пайда болғаннан бастап, 30 күн ішінде айналасына қауіпті. Ересектерде инфекция балалармен салыстырғанда жеңілрек өтеді, сондықтан, аурудың балаға ересек адамнан жұғу ықтималдығы жоғары. 2 жасқа жетпеген балаларда жөтелдің қатты болатындығы сондай, баланың қабырғасы сынып кетуі мүмкін. Сонымен қатар, қатты жөтелдің кезінде тыныс алу тоқтап қалуы мүмкін. Бұдан кейін балаға реанимациялық көмек қажет болады, – дейді Бибігүл Райханқызы.

Спикердің айтуынша, қызылшаның таралуын тоқтату бойынша жұмыстар әлі де жүріп жатыр. Жыл басынан бері қызылша күдігімен 1 597 адам тіркелсе, соның 67%-ы, 1 072 адамның ауырғаны зерттелуімен расталды. Жалпы аймақта қызылша жұқтыру дерегінің төмендеуі үрдісі байқалады. Ақпанның осы кезеңінде 21 жағдай болса, осы айда 15 жағдай тіркелген. Қызылшаға қарсы екпені 60 мыңнан астам адам алды.

Жас мамандар баспаналы болды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел дамуындағы ең маңызды он бағытты атап өткен болатын. Ең бірінші мәселе – халықтың табысын арттыру. Екіншісі – сыйбайлас жемқорлықты жою. Ал, үшіншісі – тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету. Бұның ішінде жас мамандардың да мәселесі көтерілген болатын. Бүгінде мемлекет тарапынан медицина саласының қызметкерлерін әлеуметтік қамсыздандыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Осы мақсатта Наурыз мейрамы қарсаңында облыс емханалары мен ауруханаларындағы жас мамандарға Бұқар жырау ауданы, Доскей ауылынан 40 пәтердің кілті табысталды. Облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын салтанатты шараға арнайы қатысып, жас мамандарды құттықтады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жас мамандарға арналған бағдарлама аясында өңірде 600-ден астам сала қызметкерлері баспаналы болған. Бұл – соңғы бес жылдың көрсеткіші. Биыл денсаулық сақтау басқармасы жыл соңына дейін тағы 100 отбасын баспанамен қамтуды жоспарлап отырғандығын баса айтты. Облыс емханалары мен ауруханаларында істейтін жас мамандар мен медбикелер осы бағдарлама аясында баспаналы болады. Осы жолы пәтер кілтін алған жас мамандардың басым бөлігі – №4 емхана, көпсалалы балалар ауруханасы мен көпсалалы №1 аурухана дәрігерлері.

– Мереке қарсаңында үлкен қуаныш болып жатыр. Кез келген отбасы, оның ішінде, жастар үшін баспананың орны ерекше. «Айнай менің өз үйім, кең сарайдай

боз үйім» деп өскен қазақтың баласымыз ғой. Қуаныш құтты болсын! Жалпы, мемлекет тарапынан медицина саласының дамуына үлкен басымдық берілуде. Басымыз ауырып, балтырымыз сыздаса ең алдымен дәрігерге жүгінеміз. Ажалдан арашалап қалатын, үзілген үмітті қайта жалғайтын – дәрігерлер қауымы. Сіздерге деген құрметіміз шексіз, – деді Ерлан Бейсембайұлы.

Бейбітшілік көшесінің бойында бес қабатты екі үй қатар орналасқан. Оның біреуі денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне болса, екіншісі білім саласының мамандарына арналған. Қараусыз қалған үй демесеңіз, іргетасы – берік, қабырғалар – тұзу. Арнайы жүргізілген тексеру жұмыстарынан кейін «жарамды» деп танылған. Кейін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін тендер ойнатылып, «ГрадСтройСервис»



ЖШС жеңімпаз деп танылды. Бұл мердігер компания қос үйден бөлек, ауылдағы мектепке күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізген. Былтыр қыркүйекке дейін аяқтап, қолданысқа берілді.

– Қараусыз қалған үйге толық күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, орталық жылу және электр желісін тарттық. Су құбырын жүргізіп, үй ішіне су кіргіздік.

Үйдің сыртын қаптап, шатырын қайта жасадық. Жөндеу жұмыстары барысында ешқандай қиындық туған жоқ.

Білім саласында қызмет істейтін мамандарға берілетін үйдің жөндеу жұмыстары да толық аяқталды. Тек, шамалы сыртқы жұмыстары ғана қалып тұр. Алдағы 15 күнде аяқталады, – дейді «ГрадСтройСервис» ЖШС өкілі

Берікжан Төлегенов.

Пәтер кілтін алғандардың қатарында №4 емхананың II санатты жалпы практикалық дәрігері Шахрух Туламетов та бар. Өзі Түркістан облысының тумасы екен. Оқуын тәмамдаған соң арман қуып Қарағандыда қалыпты.

– Осы салада қызмет істеп жүргеніме жеті жылдың жүзі болды. 2009 жылы Қарағанды мемле-



кеттік медициналық университетіне оқуға түсіп, осы жақта қалдым. Осыдан бес жыл бұрын отау құрдым. Қазір екі балам бар. Бұған дейін үй жалдадық. Бүгін мереке қарсаңында баспаналы болып, қуанышымыз еселеніп жатыр. Пәтерге толық жөндеу жұмыстары жүргізілген. Жиһаздары да бар. Біз секілді жас мамандарға бұл да бір үлкен көмек, – деді Шахрух Туламетов.

Пәтер кілтін алушылардың ішіндегі тәжірибесі жағынан ең жасы – Жандос Кәрікүл. Бүгінде №4 емхананың жалпы практикалық дәрігері. Үй кезегінде де көп тұрмағанын айтады ол.

– Жастарды қолдау мақсатында құрылған бағдарламалар қатары арта берсін дегім келеді. Себебі, қолына қатырма қағазын алып, жұмысқа енді кірген жас үшін қиындық көп. Мен де оқуымды бітіре салып, №4 емханаға жұмысқа тұрдым. Отбасыммен екі жыл үй жалдадық. Кейін осы бағдарламаны естіп, кезекке тұрдым. Міне, баспана кезегінде алты ай тұрып, баспаналы болып жатырмыз, – деп, қуанышымен бөлісті Жандос Қуанышұлы.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Жаңа дәуірдің жарқын қадамы



(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл – мүлдем ақтауға болмайтын заңсыздық, қараңғылық, тіпті, масқара тірлік. Өркеніетті қоғамда әр азаматтың абыройы, құқығы және бостандығы баға жетпес құндылық болуы керек. Сондықтан, мұндай ақылға сыймайтын әрекеттерді қатаң сынға алу жеткіліксіз. Оған құқықтық баға беріліп, біржола тосқауыл қойылуға тиістігін де баса белгіледі Президент.

Елтаңба өзгере ме?

Онан кейін, соңғы кезде көбірек талқыланып жүрген Елтаңбаға қатысты сауалға Мемлекет басшысы деп пікір айтты.

– Оны Кеңес заманындағы Гербеке ұқсатып жатады. Тым эклектикалық, күрделі дейді. Мұндай ойды ел ісіне бейжай қарамайтын белсенді азаматтар ғана емес, мамандар да айтып жүр. Орынды пайымдар ескерусіз қалмауы керек. Ортақ келісімге келген жағдайда арнаулы комиссия құруға болады. Бұл комиссия мәселені жан-жақты қарастырып, қоғамдық талқылау өткізеді. Сосын, Қазақстанның жаңа Елтаңбасының жобасын жасауға ашық байқау жарияланады, – деп тоқетерін айтты.

Қаһармандар ерлігіне тәжім

Келесі жылы әлемде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы кеңінен аталып өтілмек. Осыған қатысты Ұлттық құрылтайдың мүшесі, Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин айтулы датаны мерекелеуге дайындықты қазірден бастау қажеттігін орынды меңзеген еді. Бұл бағытта «Қазақстанның қаһарман майдангерлері» жобасы атап өтерлік. Ілкімі бастамаға Қазақстанның Еңбек Ері, Мәжіліс депутаты, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Бактықожа Ізмұхамбетов жетекшілік етеді. Зерттеушілер бұл жұмыспен отыз жыл бойы табанды түрде айналысып келеді. Осы кезінде Қазақстаннан шыққан жауынгерлердің тағдыры мен ерлігі туралы 56 том еңбек жарық көрді. Оның 6 томы майдан шебінде болған әйелдерге арналған. Президент

бұл тарапта мұрағат қорын мұқият зерттеуді жалғастыру қажеттігіне тоқталып өтті.

– Елімізде әскери және күштік құрылым қызметкерлеріне арналған «Айбын» ордені бар. Осы мәртебелі орденнің түрлі дәрежесін Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімімен атаған жөн деп санаймын. Бұл тарихи әділдікті қалпына келтіру жолындағы маңызды қадам болмақ. Сол арқылы қаһармандарымыздың ерлігін ұрпақ жадында жаңғыртымыз. Бұл бастама осы марапаттың мазмұнын байыта түседі. Халқымыздың біртұар перзенттеріне тән ерлік рухы осы ордендердің мәртебесін биіктетеді. Сондай-ақ, награда иегерлеріне Отанымызға қалтқысыз қызмет етуге ерекше жігер береді, – деп сенім білдірді Құрылтай Төрағасы.

Жаһандану жайы

Жаһандану үрдісіне, жаңа технологияның дамуы мен басқа да себептерге байланысты қоғамға қауіпті жаңа кеселдер пайда болды. Оның ішінде заманауи қалыпта астыртын дамып жатқан есірткі саудасы үдемесе, кемімеді. Президент «есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту керек. Оны ең ауыр қылмыстарға теңестіру қажеттігін» Парламент мүшелерінің қаперіне салды. Бұл тұрғыда Құрылтай мүшелері «вейптің» жосықсыз таралуы, құмар ойындарға тиым, тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм, ысырапшылық сынды қатерлі үрдістерді Заң аясында реттеуді пікір безбеніне таразылады.

Тұрмыс тұраламасын десек

Мұнан кейін Құрылтай мүшелері халықтың тұрмыс салтын жақсарту бағытындағы іргелі істер парасына шүкшиды. Өз кезегінде Мемлекет басшысы мультипликативтік нәтиже беретін жобалар қажеттігін еске салды. Сол үшін Үкіметке биыл ауқымды төрт инфрақұрылымдық бастаманы жүзеге асыруды тапсырды. Бұл орайда экономикалық бағдарлама, баспана, несие саясаты, жол, газ тарату,

транзит, IT технология, бюджет, бизнес, қоғамдық этика, инвестиция, логистика, коммуникация сынды іргелі тараптар жайы кеңінен сөз болды. Дипломатия, сыртқы саясат, стратегиялық маңызы жоғары мәселелер де Құрылтай мүшелерінің ой елегінен өтті.

– Шын мәнінде, мұндай алқапы жиындарды аймақтарда өткізудің мән-маңызы зор. Сол арқылы облыстардың дамуына тың серпін береміз. Осы үрдіс алдағы уақытта да жалғасын табады. Әйгілі Қасым хан – Сарайшықта, Абылай хан – Бұрабайда ордасын тіккені белгілі. Есідің бойында – Кеңесары хан мемлекеттігімізді сақтап қалу үшін талай жорыққа шыққан. Бұл аймақ төл шежіремізде айрықша орын алады. Сондықтан, Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысын келесі жылы Көкшетауда өткізуді ұсынамын, – деп түйіндеді сөзін Қасым-Жомарт Тоқасев.

Сөз соңы

Сөзінің басында Мемлекет басшысы халықты өркендетудің негізгі мессенджерін жолдады. Атыраудағы Ұлттық құрылтайдың қорытындысына келсек, бұл Тәуелсіз республиканың түрлі әлеуметтік, мәдени және саяси топтарының көзқарастары мен ұстанымдарын таразы басына тең тартар маңызды оқиға. Бұл атамекенді дамытуға қатысты негізгі мәселелер талқыланатын, ондағы халықтың өмірін жақсарту үшін сындарлы идеялар мен шешімдер ұсынылатын уақыт. Алда Ұлттық құрылтайдың соңғы кезеңінде Атырауда өткен пікірталастар мен қабылданған шешімдер туралы тиісті қорытынды жинақталмақ. Ұсынымдар легі даярланады. Сондай-ақ, азаматтардың қоғам өміріне белсенді қатысуының мәні мен ортақ мақсат пен мүддеге қол жеткізу үшін барлық тараптардың бірлескен күш-жігері сарпаталады. Мемлекетті дамытудың бірыңғай стратегиясын қалыптастырып, сантүрлі әлеуметтік топтар арасындағы сенім мен келісімді нығайтуға игі ықпал етеді.

Суреттер «Akorda» сайтынан алынды

Қар суынан қатер бар ма?

Қауіпті өңірлер бақылауда



Биыл Арқаға қар қалың түсті. Ауа температурасы нөлден көтеріліп, қар еритін кез де жақын. Осыған орай облыс аумағындағы су тасқыны болуы ықтималдылығы жоғары өңірлерді аралап, қауіпсіздік шараларын күшейту жұмыстары басталды. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Мұрат Қатпанов алдымен Бұқар жырау ауданы Ғабиден Мұстафин кентіне, Садовое және Чкалово ауылдары, сондай-ақ, Ақтау кентіндегі Мырза станциясына барды.

Қазіргі таңда су өткізгіш құбырларды қардан тазартуға, өзен арналарының бойында орналасқан елді мекендер маңындағы қорғаныш біліктері мен габиондардың жай-күйін тексеруге ерекше назар аударылуда.

Бүгінде Қарағанды облысының 95% аумағы қар астында жатыр. Барлық өзендер мен су қоймалары қысқы режимде.

Елді мекендердің аумағындағы су жіберу құбырлары мен оның аумақтары қардан тазарту, инертті материал дайындау жұмыстары жалғасуда.

– Осы аптаның соңына дейін автожолдардың учаскелеріндегі барлық құбырларды, су өткізу құрылыстарын, көпірлерді тазалау жұмыстары толығымен аяқталуы тиіс. Қазір аумақтарды аралап, әр учаскенің жай-күйі нақтыланып жатыр. 20 наурыздан кейін тікұшақпен аралауды бастаймыз, – деді төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Мұрат Қатпанов.

Чкалово ауылында бөгет білігі тұрғызылып, габиондар орнатылған. Еріген су Мырза станциясындағы үйлерге өтпеуі үшін өткен жылы су өткізгіш құбырларды тазартуға баса назар аударылды.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев аралау барысында Ғабиден Мұстафин кентіндегі көпірді қайта құру жұмысын да мұқият тексерді. Өйткені, көпірді сапалы қайта құру – аса маңызды. Неге десеніз, жақын маңдағы ауылдармен, аудан орталығымен қарым-қатынас жасауда бұл көпірдің атқарар міндеті үлкен.

Гидротехникалық құрылыс облыстық маңызы бар Қарағанды-Теміртау-Токаревка автожолында орналасқан. Бұл көпірдің салынуын тұрғындар көптен бері күткенін айта кету керек. Бүгінгі таңда мұнда тікелей жол жоқ. Жаңа автомобиль көпірі бұрынғысымен салыстырғанда 30 метрге ұзын және биіктігі 2 метрден жоғары бол-



Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Нұра өзенінің арнасын Ертис-Қарағанды каналынан Қарағанды-Павлодар жолындағы автожол көпіріне дейін арнайы барып, тексеріп шықты.

Табиғи ресурстар басқармасының басшысы Бақтияр Санбаевтың айтуынша, өткен жылы мұнда арнаны 2,4 шақырым бойы санаңиялау, тазарту, тереңдету және кеңейту жүргізілген. Өзеннің ені 20 метрден 100 метрге дейін ұлғайтылып, өсімдіктер орылыты.

Ал, Садовое ауылындағы қорғаныс үйіндісі 2017 жылы тұрғызылған. Араға екі жыл салып, жер үйіндісін нығайту жұмыстары да жүргізіліпті.

Бұл судың көпір астынан көп көлемде өтуіне мүмкіндік береді. Көпір – жақын елді мекендерді байланыстыратын маңызды нысан. Құрылыс биыл аяқталуы тиіс.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мердігерге барлық жұмыстардың бекітілген мерзімінде аяқталуы тиіс екенін айрықша ескертті.

Алдағы уақытта Ермағанбет Қадулаұлы Абай, Осакаров және Қарқаралы аудандары аумағындағы су тасу қауіп бар жерлерді аралауды жоспарлап отыр.

Өз тілімізден

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА

Маңызды мәселелер таразыланды

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XIII сессиясында 2024 жылға арналған нақтыланған облыстық бюджет қабылданды. Сессия жұмысына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, орынбасарлары, қалалар мен аудандардың әкімдері, қалалық және аудандық мәслихаттардың төрағалары, облыстық басқармалардың, департаменттердің басшылары, құқық қорғау органдары мен қоғам өкілдері қатысты.

Салтанат ЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжановтың төрағалығымен өткен сессияда қаржы басқармасының басшысы Людмила Башарина қаржы құжатын ұсынды. 2024 жылға арналған нақтыланған облыстық бюджет жобасында түсімдер мен шығыстар бойынша өзгерістер ескерілді.

– Кірістер бойынша салық және әкімшілік айыппұлдар түсімдері, қаржы жылының басындағы бюджет қаражаның пайдаланылатын қалдықтары, сондай-ақ, 2023 жылы облыстық бюджеттен бөлінген облыс өңірлерінің толық пайдаланылмаған нысаналы трансфертерін қайтаруы ескерілді, – дейді Людмила Викторовна.

Басқарма басшысының мәліметінше, шығыстар құрамында түрлі қызметтерге қаржы қарастырылған. Олардың қатарында жеке арнаулы ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналас-

тыру, әлеуметтік сала объектілерінің материалдық-техникалық базасын нығайту және жөндеуге, облыстық маңызы бар жолаушылар тасымалдарын субсидиялау, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде медициналық объектілердің құрылысын қоса қаржыландыру сияқты салалар бар.

Айта кету керек, бұл мәселе бейінді комиссиялардың кеңейтілген отырыстарында, мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында егжей-тегжейлі талқыланды. Нәтижесінде, депутаттық ескертулер мен ұсынымдарды назарға ала отырып, қаржы құжаты мәслихаттың кезектен тыс сессиясына шығарылып, оны депутаттық корпус қабылдады.

Сессия барысында сондай-ақ, қалаларлық жолаушылар көлігіндегі жаңа тариф мәселесі қаралды. Жол жүру құны электрондық төлем кезінде 80 теңгеден 100 теңгеге дейін және қолма-қол ақшамен 200 теңгеге дейін артады. Бірақ,

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІГІ

Жол ақысы **80 теңге.**
2014 жылдан бері өзгерген жоқ

Орташа есеп айырысу тарифі 2023 жылы ЖЖМ, жалақы, амортизация шығыстарын ескере отырып, **320 теңгені құрайды**

Қала	2023 жылғы ЖЖМ	Жалақы	Амортизация
Алматы	100	200	
Қостанай	100	170	
Петропавл	100	170	
Көкшетау	100	180	
Орал	100	200	
Астана	90	180	



Сурет облыс әкімінің кабинетінен

нақты күні белгілісіз.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсұт Қожанов ONAY! электрондық төлем жүйесін енгізгені облыста күн сайын 320 мың сапар жасалатынын

атап өтті. Оның 35 мыңы – облыс орталығы мен қала маңы арасындағы сапарлар.

– Өткен жылдың қаңтарынан электрондық төлем кезінде 80 теңге мөлшерінде сараланған тариф белгіленді.

Қолма-қол төлем кезінде баға бұрынғы деңгейде сақталды. Сондай-ақ, қазір облыс орталығы мен спутниктік қалалар арасындағы маршруттардағы тарифтерді қайта қарау мәселесі қарастырылуда. Бұл жерде маршруттардағы тарифтер 2014 жылдан бастап, яғни 10 жылға жуық қолданыста болғанын атап өткен жөн. Тариф белгіленген сәттен бағалар айтарлықтай өсті. Өткен жылы дизель отынының құны 28 пайызға өсіп, 295 теңгеге жетті, – деді Мақсұт Қожанов.

Шығындарды ескергенде, бір сапарға есептік тариф 553 теңгеден 876 теңгеге дейін, ал жылдық шығындар 8,2 миллиард теңгеге дейін өскен. Бюджетке түсетін жүктемені азайту, сондай-ақ шығындарды азайту мақсатында қалаларлық маршруттардағы тарифтердің қайта қаралуы содан.

Сессия соңында аймақ басшысы облыстағы өзекті мәселелерді қолдағаны үшін депутаттарға алғыс білдірді.

– Әлеуметтік мәселелер де назардан тыс қалмады. Бұл – аутизм орталығы, медицина қызметкерлеріне баспана, бұл – өте маңызды мәселелер. Сіздердің бүгін бюджетті қолдағандарыңызға өте ризамын. Мемлекет басшысының тапсырмалары мен бағдарламаларын іске асыру бойынша бірлескен жұмысты жалғастырамыз, – деді Ермағанбет Қадулаұлы.

Дуальді білім: тәжірибе теориямен ұштасқанда

Президент білім саласындағы ілгерілеуге қарамастан, жұмыс берушілердің жоғары оқу орындары мен колледж бітірушілердің білім сапасына көңілі толмайтынын айтқан. Осы оққылықты жою мақсатында жыл сайын 100 мың студент колледждерде тегін оқитын болды. 2025 жылы колледждерде білім алу тегін болады деп күтілуде. Оған «Білімді ұлт» ұлттық жобасы негіз болды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіптік білім – көркеюге сеп

Жалпы республикада Президент тапсырмасына орай «Жас маман» жобасы аясында 180 колледждің материалдық-техникалық базасы жаңартылуда. Арнайы орталықтар мен заманауи ғылыми зертханалар құрылып, деңгейлері халықаралық стандарттарға дейін жеткізілмек. ЖОО мен колледждерді модернизациялауға алдағы 3 жылда республикалық бюджеттен 58 млрд. теңге қарастырылған.

Осылайша, білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы аясында тегін кәсіптік-техникалық білім беру бағдарламасы жыл сайын 100 мың студентті оқытады. Ал, қосарлы білім алумен қамтылған студенттердің саны 35% пайызға жетеді. Колледж түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейі 63%-дан 75%-ға дейін артады деп күтілуде. Бұл орайда колледжде білім сапасын дамытуға дуальді білім көмекке келеді.

Облыста қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде 55 колледж жұмыс істейді. Мамандарды даярлау 97 мамандық және 114 біліктілік бойынша жүзеге асырылуда. Колледждерде 31 912 студент білім алатынын ескерсек, оның 21 516-сы – мемлекеттік тапсырыс бойынша. Қадрларды сапалы даярлау үшін 42 колледжде 6 425 адамды қамтитын дуальді оқыту енгізілді.

«Жас маман» жобасы аясында 14 оқу орны АҚШ, Италия, Германия, Швеция, Франция, Аустрияның әлемдік брендтерінің заманауи жабдықтарымен жабдықталған.

Кәсіпорынның колледжде қамқорлығы

Аймақта дуальді оқыту 2012 жылдан бастап жүзеге асырылуда. Дуальді жүйе әуел бастан өзіне екі міндет жүктеген. Ол – сапалы әрі білікті кадрлар даярлау және облыстың кәсіпорындарындағы кадр жетіспеушілігінің орнын толықтыру. Бір жағынан бұл колледждерде кәсіптік білім берудің ерекше бір түрі. Қазіргі таңда білім беру бағдарламасының 60%-ы (практикалық бөлімі) өндірісте жүзеге асса, ал, 40%-ы (теориялық бөлімі) колледждер аясында оқытылуда. Осы орайда дуальді оқытуды енгізу бойынша Германия жұмыс сапарымен барып келген Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің 12 педагогы озық шет елдердің тәжірибесін тиімді пайдалануды меңгеріп келіпті. Отто фон Герике атындағы Магдебург университетінде және Эрфурт ка-

ласындағы кәсіптік мектепте болған.

Білім басқармасының мәліметінше, бүгінгі таңда мамандарды кәсіпорындарда оқыту белсенді жүзеге асуда. Биыл келісім-шарт бойынша 467 студент білім алса, алдағы оқу жылына тағы 300 студент қабылдау жоспарда тұр.

Кәсіпорындардың колледждерге қамқорлығы аясында теориялық және зертханалық-практикалық сабақтар өт-

барлық контингенттің 25%-ын құрайды. Кәсіпорындарға қамқорлық көрсету аясында 32 колледжбен 74 меморандум бар.

Ал, биылғы оқу жылына қабылдау 8144 орынды құрапты. Мемлекеттік тапсырыстардың 60%-ы – техникалық мамандықтарға (металлургия, машина жасау, IT, құрылыс, көлік және т.б.) бағытталған.

Бүгінгі таңда 6 колледжде 8 жаңа мамандық пен 9 біліктілік ашылған. Атап айтсақ, «Цифрлық технология», «Дене шынықтыру және спорт», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Құрылыс және ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану»,



Колледжде жасалып жатқан жұмыс

кізеді. Экскурсиялар мен практикалар ұйымдастырып, колледждердің материалдық-техникалық базасын жабдықтауға және түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсетеді.

Қазіргі таңда облыста дуальді оқыту 39 колледжде (28 мемлекеттік, 11 жеке-меншік) енгізілді. 300-ге жуық кәсіпорынның қатысуымен 6572 адам қамтылды. Бұл мемлекеттік тапсырыс бойынша

«Банк ісі және сақтандыру», «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» «Интерьер дизайн» мамандықтары бар.

– Колледждер негізінде оқу фермалары мен шағын кәсіпорындар құруды мақсат еттік. ТЖКБ ұйымдарында коммерцияландыруды дамыту үшін коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың бағасы белгіленді. Биыл Қарағанды тағамтану



Президент тапсырмасын орындай отырып...

және сервис колледжінің базасында шағын наубайхана ашу жоспарда. Бұл студенттердің кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға және сонымен бірге, колледждің материалдық-техникалық базасын жақсартуға ықпал етеді, – дейді облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Жобаға

қызығушылық артты

Жұмысшы мамандықтардың беделін көтеріп, колледж студенттерін дамытуға облыс жастары WorldSkills халықаралық шеберлік чемпионатына белсенді қатысатынын атап өткен жөн. Дуальді білімді дамытуға ерекше жоба аясында биыл Польшада өткен халықаралық турнирге («Сантехника және жылумен жабдықтау», «Флористика» және «Электроника» құзыреті бойынша) Қазақстан атынан үш қарағандылық қатысты. Осы орайда облыста бүгінгі таңда білім беру бағдарламаларына 50-ден астам WorldSkills стандарттары енгізіліпті. Колледждердің 60%-ы жаңа бағалау жүйесіндегі демо емтихандарын енгізуде. Осы уақытқа дейін 28 техникалық-технологиялық колледждің 17-сі WorldSkills стандарты бойынша біліктілік емтихандарын өткізіп үлгерген.

Облыстық білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Индира Ысқақованың айтуынша, соңғы үш жылда өңірде колледжде түсікі келетін білім алушылар саны артқан.

– Биыл өңірде Қарағанды кәсіптік-техникалық және Теміртау техникалық колледжінің базасында «Шаштараз өнері» және «Дөңкерлеу ісі» мамандықтары бойынша 10-11 сынып оқушыларын тәжірибелік оқыту енгізілді. 10-11 сынып оқушылары таңертең мектепте оқиды, ал, түстен кейін (3-4 сағат) осы колледждер базасында оқиды. Мектепті бітіргеннен кейін олар орта білім туралы аттестат пен біліктілік туралы диплом алады. Бұл жобаға мектеп оқушылары тарапынан қызығушылық артты, – дейді Индира Ысқақова.

Басқарма мамандарының сөзіне сүйенсек, өндірістің өңір болғандықтан, Қарағандыда дуальді білім аясындағы жұмыстар қарқынды. Білімге ұмтылған жастар уақытының үштен екі бөлігінде өндірістен қол үзбейді. Уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға және білімге арнайды.

• ЖОБА

«Қазақ» күнтізбесіне сүйене отырып

Арқаға белгілі азамат, облыс әкімдігінің қызметкері Нұржан Сұршаулы жасаған «Қазақ күнтізбесі» қолданысқа еніп барады. Облыстың спорт мектептері Ұлт құндылықтарын сақтау мен насихаттауға бағытталған қазақ күнтізбесіндегі даталарды айшықтауға атсалысатын болады. Жыл сайын бұл бағытта облыста 40-тан астам спорттық іс-шара өтеді деп жоспарланып отыр. Бұған өңірдегі 17 спорт мектебі жұмылдырылмек.



Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Мәселен, «Қазақ» күнтізбесінде 7 сәуір – Қазақ спортшыларының күні екен. Бұл күн Алаш жұртынан шыққан тұңғыш кәсіби балуан, күрестің бірнеше түрінен Әлем чемпионы Қажымқан Мұнайтасовтың туған күніне орайластырылған. Сол күні еліміздің намысын байрақты бәсекелерде қорғап жүрген спортшылар жайлы айтылып, салауатты өмір салты насихатталады. Жарыстар дзюдо, кик-боксинг, қазақ күресі, еркін және грек-рим күресі, қол күрес, үстел теннисі, шағын футбол, жеңіл атлетика спорт түрлері бойынша өтеді. Сондай-ақ, танымал спортшылар жас буын өкілдерімен кездесіп, сұхбаттасады.

Ал, 7 тамыз – Ұлттық ойындар күніне спорт мектептерінің тәрбиеленушілері асық ату, бес асық, теңге алу, тоғызқұмалақ, аударыспақ арқан тартыс бойынша жарысатын болады.

Жарыстар Қарағанды, Балқаш, Шахтинск, Теміртау қалаларында және Нұра, Ақтоғай, Шет, Осакаровка және т. б. аудандарда тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрады.



Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Банкроттық қарызды кешіру емес

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» Заңы қабылданғалы бір жыл. Атап айтсақ, өткен жылдың 3 наурызынан банкроттық рәсімдерді қолдану туралы арыз қабылдау басталғалы облыс бойынша соттан тыс банкроттыққа 3 756 өтініш түскен. Оның 818-і – мақұлдана, 2 768 өтініш қанағаттандырылмады. Ал, қалған 91-і әлі қаралуда. Бір қарағанда банк алдындағы берешегі табысынан асып кетіп, қарызға белшесінен батқаңдар үшін бұл тығырықтан шығатын жол сияқты көрінуі де мүмкін. Бірақ, алмақтың да салмағы бар. Тіпті, бірқатар жағдайларда банк есігі біржола жабылуы да мүмкін.

Салтанат ЛІПША,
«Ortalyq Qazaqstan»

Заңды іске асырудағы басты мақсат – тұрғындардың борыштық жүктемесін азайту әрі әлеуметтік шиеленісті жеңілдету. Оның әр жағында банкроттық жарияланғаннан кейін кемі бес жылға дейін несие алуға болмайтынын ескерте отырып, қарыздар бойынша төлемдерді ынталандыру.

Жалпы, банкроттық туралы заң рәсімдердің үш түрін қарастырады. Біріншісі – соттан тыс банкроттық. Бұл жағдайда тұрғындардың банкке, микроқаржы ұйымдарына және коллекторлық агенттіктерге борышы 2024 жылы 5 млн. 907 мың теңге болуы керек әрі қарыз 12 ай қатарынан өтелмеген болуы тиіс. Одан бөлек, соттан тыс банкроттыққа өтініш беру үшін борышкердің атында ешқандай мүлік болмауы керек. Бұл жағдайда бір отбасы мүшелерінің, анығында ерлі-зайыптылардың ортақ дүниесі де қарастырылатынын ескерген жөн.

Тағы айта кетерлік жайт, бір жыл қарыз төленбеді деп, банкроттыққа берген өтініш қабылдана салмайды. Ол үшін банк несие бойынша реттеу рәсімін жүр-

гізген болуы керек. Одан бөлек, бұған дейін жеті жыл бойы банкроттықтың болмауы керектігі тағы бар.

Облыстың мемлекеттік кірістер департаментінің дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасының басшысы Данияр Мусин заңда ерекше жағдайлар қарастырылғанын да айтады.

– Егер борышкер өтініш берген күнге дейін алты ай аралығында мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алса, 12 ай ішінде төлемнің болмауы туралы критерий қолданылмайды. Сондай-ақ, берешегі 5 жылдан артық өтелмеген азаматтарға да ерекше жағдайлар қарастырылады. Яғни, олардың мүліктерінің бар-жоғы тексерілмейді және берешек сомасы бойынша шектеулер белгіленбейді.

Данияр Берікұлы көрсеткен екінші рәсім – сот банкроттығы. Бұл жағдайда да тұрғындардың қарызы 2024 жылы 1 600 айлық есептік көрсеткіштен, яғни, 5 млн. 907 мың теңге болуы тиіс және кредиторлар алдындағы борыштардың барлық түрлері бойынша қолданылады. Бірінші рәсімнен айырмашылығы – борышкердің мүлкі сауда-саттықта түсетінінде. Яғни, кредиторлардың қарыздары банкрот болған адамның мүлкі есебінен жабылады.



Инфографика жасалып А. Рахымжан

– Борышкердің өз атындағы тұрғын үйі кепілге қойылған болса, кредитор оны қайтарып алады. Бірақ, олар кепілге қойылмаған жылжымайтын мүлікті талап ете алмайды. Мүлкі сатқаннан түскен қаражат белгіленген кезектілікке сәйкес, кредиторлар алдындағы борыштарды өтеуге жіберіледі, – дейді басқарма басшысы.

Айта кету керек, алимент және басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян бойынша қарыздар, қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша залалды өтеу, сондай-ақ, сот шешімі бойынша өндіріп алынатын бюджетке төленетін төлемдер есептен шығарылмайтын ескеру керек. Банкроттық бұл қарыздардан құтқармайды.

– Сот банкроттығы рәсімін қаржы басқарушылары жүзеге асырады. Олардың құрамында заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банкроттық рәсімін жүзеге асыратын әкімшілер, кәсіби бухгалтерлер, заң кеңесшілері мен аудиторлар бар. Бірақ, қаржы басқарушысының қызметі ақылы.

Олардың ай сайынғы қызметінің құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақының мөлшерімен есептеледі. Ал, мүлкі жоқ, әлеуметтік осал топтарға жататын адамдар үшін қаржы басқарушыларының қызметін мемлекет төлейді, – дейді Данияр Мусин.

Үшінші рәсім – төлем қабілетін қалпына келтіру. Бұл – тұрақты табыс болған жағдайда бес жылға дейін қарыздарды бөліп-бөліп төлеу мүмкіндігін көздейтін рәсім. Қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысымен бірлесіп әзірленеді және сотта бекітіледі.

– Бұл ретте борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы арызбен ғана сотқа жүгіне алады. Ол үшін барлық міндеттемелерінің мөлшері өзіне тиесілі мүлкінің құнынан аспауы керек. Бұл рәсімнің артықшылығы – жеке тұлға «банкрот» мәртебесін алмайды әрі банкрот болғандар үшін көзделген салдарлар қолданылмайды, – дейді

Данияр Берікұлы.

Банкроттықтан кейінгі салдарларға тоқталсақ, тұрғындар ломбард микрокредиттерін қоспағанда, бес жыл қатарынан банктерден және микроқаржы ұйымдарынан несие ала алмайды. Сондай-ақ, жеті жылдан кейін ғана банкроттыққа жүгіне алады және қаржылық жағдайлары үш жыл бойы тексеріледі.

Басқарма басшысы 12 айда қарызды ішінара өтеу, сот орындаушылары берешекті мәжбүрлен өндіріп алу, сондай-ақ, жылжымайтын мүлік және жылжитын мүлкі тіркелген болса, банкроттық деп тану туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тартылатынын айтады.

Деректерді соттан тыс банкроттықтың кіріс параметрлеріне сәйкестігін тексеру мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дерекқорларын салыстыру арқылы TAZALAU жүйесінде автоматты түрде жүргізіледі.

Департамент соттан тыс банкроттыққа өтініш бергісі келетін азаматтарға несие тарихын алдын-ала тексеріп, тіркелген мүлкінің болуы немесе болмауы туралы кадастрлық анықтаманы сұрап, содан кейін ғана соттан тыс банкроттықты қолдануға өтініш беруді ұсынады. Егер өтініштен бас тартылса, 3 айдан кейін жүгінуге болады.

– Мемлекеттік кірістер органдары соттан тыс банкроттық бойынша қызмет ұсынушы. Сондықтан, өтініш беру жөніндегі қызмет тегін. Ол үшін Халыққа қызмет көрсету орталықтарына немесе аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына жүгіну жеткілікті. Бұдан басқа, «E-salyq Azamat» қосымшасы арқылы арыз беру мүмкіндігі бар, – дейді басқарма басшысы.



Ұлыстың ұлы күнін қалай ұлықтап жүрміз?

Ұлыстың ұлы күні қазақ үшін ұлттық мәндегі қастерлі мейрам екенін айтудай-ақ айтып келеміз. Айтылуы керек те! Мұны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әр сұхбатында, мінберлерде айшықтауы бекер емес. Президент Наурыз мерекесі ұлттық жадымызды, болмысымызды жаңғыртуға сеп болатынын алға тартады. Біздіңше, ол пікір. Өйткені, өзінің өзегінен, күретауырынан ажырап, жаһандануға жұтылып кеткен және енді ғана азуға іліккен ұлттар баршылық. Солардың қатарынан табылмас үшін, іске көшкен абзал. Барымыз бен жоғымызды түгендеп, маңайымызға көз тастап, етек-жемізді жинайтын уақыт келді (келгелі қашан).

Бүгінде Наурыз мейрамының қадір-қасиетіне жете алып отырмыз ба? Белімізді буып, білегімізді сыбанып алып, бос айқай, бос ұранға, науқаншылдыққа ұрынып кеткен жоқпыз ба? Осы сауалдардың жауабын білу үшін ұлыстың ұлы күні қарсаңында облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газеті өңірдің зиялы қауымын жинап, дөңгелек үстел өткізген еді. Наурыз албарында пікірталас жүріп, толғамды ойлар айтылды. Дөңгелек үстелімізге актер, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кеңес Жұмабеков пен қоғам белсендісі Майра Әбдірахманова және айтыскер ақын, облыстық мәслихаттың депутаты Айтбай Жұмағұлов, облыстық мәслихаттың депутаты, Дүниежүзі «қазақтары қауымдастығы» Қарағанды облыстық филиалының басшысы Меруеш Башай, облыстық әкімдік қызметкері, Қазақ күнтізбесінің авторы Нұржан Сұршаұлы қатысқан еді. Қатарда газетіміздің бас редакторы Еркін Мұсабеков те бар. Үстел басында айтылған әңгімені қаз қалпында түсіруге тырыстық.

– Төрт құбыласы түгел ұлттық идеологияны қалыптастыруға Наурыз мейрамы ауадай қажет. Бұны кейінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне шыққан сұхбатынан аңдағандай болды. Бір ғана қазақтың емес, тұтас Түркі дүниесінің жаңа жылы Наурызды өз биігіне шығаруымыз тиіс деп жатырмыз. Қалай шығармақ керек?

Кеңес Жұмабеков: Әр заманның өз тілі бар

– Расында, бұл – өте өзекті мәселе болып тұр. Себебі, тәуелсіздік алғаннан бері отыз жылдан асып барады. Отыз жыл бойы осы ұлық мейрамның қадір-қасиетін толықтай түсінбей келеміз. Қайда барсаң, тұсау кесуді, қыз ұзатуды, бесіктегі сол баяғы тыштыманы сахнаға жатады.

Жыл сайын бір сценарий. Сахналық көріністен аса алмай қалдық. Ал, Наурыз мейрамы қазақтың өз болмысы ғой. Ойдан шығарылған ештеңе жоқ. Наурыз да атқарылатын дәстүрлер мен салттар, амалдар, барлығы дерлік қазақтың қайырымды, кең пейілді жұрт екенін айшықтап тұрады. Сонымен қатар, табиғат анаға мейіріммен қарайтын да үлкен қасиеті бар. Бір ғана көрісу күнінде қаншама гират жатыр. Жиені нағашысымен, келіні енесімен, көршісі көршісімен, ағайын ағайынмен көресің. Сақтап жүрген өкпелерің болса, сол күні кеңдік танытады. Қарым-қатынастарың жаңа парактан бастайды. Сол себепті, Наурызға жәй ғана мереке деп емес, ұлттық бренд деп қарауымыз абзалырақ. Тіпті, Түркі жұртына ортақ мейрам. Осы мереке арқылы бауырлас жұрттармен арадағы байланысты нығайтуымыз тиіс. Келешек ұрпаққа осының бәрін дер кезінде дәріптеп, түсіндірмесе болмайды. Олар ертең мына ұлысқа ие болып қалады ғой. Оларды қайта-қайта қаңқалары темірден құралған жасанды киіз үйге сүйрей берудің қажеті шамалы. Бәрін музей қылып тастағанбыз. Байқа-



саңыздар, өз дәстүріміз өзімізге экзотика болып барады. Бауырсағымызды жеп, наурыз көжемізді ішіп, жөнімізге жөнелеміз. Қарын қампайса болғаны. Асқазанның қамын ойлата бергенше, сол жастарға салт-дәстүрімізді мейілінше насихаттап, тәрбиелеу – жөн іс. Сонымен қатар, бір сценарийді жыл сайын қайталай бермей, Наурызды бүгінгі күнге лайықтап алуымыз тиіс. Әр уақыттың, заманның өз тілі бар. Сол тілге көшпесек, икемделмесек, бәрі бекер. Дабырлап жүретін уақыт өтіп кеткен.

Мектепте де жағдай оңай тұрған жоқ. Наурыз келсе болғаны, мұғалімдер қара орман оқушыға сол баяғы киіз үй, бесік, бәйге, көкпар туралы айта береді. Өлгі директордың тапсырмасы орындалса болғаны. Наурыз аяқталған соң, бәрі жайына қалады. Кімді алдағымыз кеп жүр?! Айналайындар-ай, соның бәрі өмірде іске асуы тиіс. Дәріс оқи бермей, қолыңан іс келетін колонер шеберін алдыртып, бірдеңе үйретіндер. Жыл бойы үйретілуі тиіс. Қаршадай қыздар бесіктің жадықтықтарын жасауды, құрақ құрауды, тігін тігуді үйреніп шықсын. Ол ертең сол білгенін өз баласына үйретеді. Ұрпақ сабақтастығы осыдан басталады. Мысалы, кішкентай ғана аралда күн кешіп жатқан жапондар сакура ағашы гүлдегенде ұлттық киімдерімен көшеге шығып, бір-біріне сәлемдеседі. Сол арқылы маңайына жағымды көңіл күйінің самалын таратады. Президент, немесе, пәленше айтты екен деп шықпайды көшеге. Олардың санасына әбден бекіген. Айтпасаң да істейді. Ал, біздікі ше?! Құр ұран мен алашапқын.

Мысалы, менің бала кезімдегі Наурызды айтып берейін. Көрісу күнінде бізді таңғы сағат жетіде оятып алатын. Сосын ата-әжемнің үйіне бата алып кел деп жіберетін. Біз соған үйренгенбіз. Ата-әжем бізге таттисін беріп, әбден той-



тынбыз. Сосын батасын естіп, ойнақтап қайтушы едік. Міне, тәрбие дегеніміз. Көрісу күнінің тағы бір маңыздылығын айтайын. Ағайын қыста бір-бірімен жиі қатынаса алмайды. Қыста біреуі сырқаттанып қалуы мүмкін, немесе, басқа да жайттар орын алуы ықтимал. Міне, хабар-ошарсыз қалған ағайын бір-бірінің жағдайын сұрасады. Сол арқылы бауырмалдықтың көрсетеді. Адамгершілікке тәрбиелеу дегеніңіз – осы! Қарағандыда да осыны жаңғыртуымыз тиіс. Орталық саябақтың аумағы кең. Сол жерге киіз үйді тік те, дастарханыңды жайнатып қой. Күнделікті күйбең тірліктің салдарынан аралары суып бара жатқан жұрт сол жерде көресің. Өнін тыңдасын, сырлассың. Қазір подьездегі жастарыңды аманда-суға жарамайды. Қасыңнан өте шығады. Басқасы басқа, көршілердің сөлеміне зар боласың. Тек мерекеде ғана емес, жой күндері де көңіл сұрас. Шаруасы шығып жатса, қолғабыс жаса. Бұл – ұлтымызды өзгеден даралап тұратын ұлы қасиет. Жас ұрпақ бұдан қашпайды. Мысалы, мен қазақ мектебінде оқытын немеремді үйге алып кету үшін барсам, қасындағы достары жүгіріп келіп амандасады. Яғни, тәрбиелеуге болады деген сөз. Тек өзіміз құнттамай жүрміз. Орыс мектебінде оқытын қазақ балаларының жағдайы мүлде басқа. Соған қынжыламын. Балаларымызды мұғалімдер тәрбиелесін деп әбден құбылып кеткенбіз. Жоқ, әр ата-ана өз баласын өзі тәрбиелеуі тиіс. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» депті дана халық. Балаң өзінен бұрын ұлтына керек екенін ескерген жөн. Ұлттық тәрбиеден, қасиеттен ажыраған ұрпақтан не қайыр?!

Әлі күнге дейін ата-бабамызбен мақтанамыз. «Пәленшеміз пәленше болған, сондай-ақ, мұндай-ақ болған» деп көпіреміз-ай кеп. Мақтанатындай не істеп жатырмыз?

Жастарымыз Батысқа жаппай еліктеуде. Өзіміздің дүние танымның өзгеріске түсуде. Жас ұрпақты тәрбиелеу үшін Наурыз мейрамының қадір-қасиетін арттыру – зор маңызға ие.

Майра Әбдірахманова: Наурызды дұрыс насихаттай алмай отырмыз

Қаңтармен басталатын Жаңа жылды бәріміз күтеміз. Мұны қоғам қабылдап қойған. Неге? Өйткені, сол Жаңа жылдың көңілге қонымды, ұнамды іс-шаралары бар.

Сол көңілге қонымды тұсын айтайын. Мысалы, үйіңіздегі кішкентай бүлдіршіндер Аяз ата мен оның немересін асыға күтеді. Түрлі сыйлыққа, тәттіге толы қызыл қоржынның күтеді. Сыйлық аламыз деп мээ болады. Меніңше, Наурыз мейрамында да балаларға сыйлық берілуі тиіс. Сонда ғана балаңыз Ұлыстың ұлы күніне қуанбақ. Міне, осы бір маңызды деталь ескеріле екен.

Наурыз мерекесін өзіміз сүйкіміз қылып алдық. Сол күні түрлі мекемелерді, кәсіпкерлерді киіз үй құруға, соның ішіне дастархан жаюға мәжбүрлейміз. Іс жүзінде сол киіз үйге ешкім емін-еркін

кіре алмайды. Халық наразы боп қайтады. Жиналған жұртты ренжітіп аламыз. Шамалыдан кейін наурыз көже мен бауырсақтарды тарата бастадық. Соның өзінде тізімге сүйендік. Тізімге ілікпесеніз, сізге Наурыздан сарқыт жоқ. Елді бөліп-жарып тастағанымыз өтірік емес. Саябаққа жиналған адамдардың дастарханды талап жатқанына да куә болып жүрміз. Сырттан қарап тұрсаңыз, халқымыз аш секілді. Сол көрініске қарап тұрып қынжыламыз. Меніңше, Наурыздың насихаты басқа деңгейге көшуі тиіс.

Қазіргі қазақ зиялылары, тарихшы ғалымдары өткенімізді дәріптеудің тың форматын ойлап тапса, дұрыс болар еді. Наурыз тек киіз үй аралап, ішіп, жеу емес екенін ұғындырса екен.

Наурыз – діни мереке емес. Наурыз – табиғаттың жаңаруы. Осындай мейрамы бар ата-бабаларымыздың даналығына таң қаласың. Ал, 1 қаңтарда бүкіл әлем тек атқарған істерін қорытындылайды. Мұнда ешқандай да жаңаруды, ұлттық көзқарасты көріп тұрғанымыз жоқ.

Қазақта жайлауға шығу деген болған. Халықтың ықыласын осы ұлық мейрамға аударғанымыз келсе, жайлауға киіз тігіп, жұртты сонда шақырайық. Қаланың күй-бебінен шаршағандар сөзсіз барады деген сенімдемін. Бұл – туризм саласында жүрген кәсіпкерлерге де тиімді.

Наурызды тойлау жаңа деңгейге көтерілуі үшін кәсіпкерлерге, халық арасындағы қолы ашық азаматтарға жүгінген дұрыс шығар. Олар ұлттық тағамдарды, бұйымдарды жәрмеңкеге қойып, арзан бағамен саудаласа, халыққа жағуы әбден мүмкін. Өйткені, қандай да бір затты оңды-солды тегін тарататын уақыт емес. Бұл шара кәсіпкерге де, халыққа да тиімді деп ойлаймын. Мысалы, Наурыз дорба дегенді жасап, саудаға шығаруға болады ғой.



Ұлттық мерекенің бренд тауарына айналса, керемет емес пе? Ішіне құрт, майыңды, ірімшігінді сал. Көңілге қонымды.

Тағы бір маңызды мәселе. Наурыз күні өзге этнос өкілдерін де шараларға толықтай араластыруымыз керек деп ойлаймын. Олар да осы байтақ Қазақстанның бір бөлшегі ғой. Біз шапанымызды киіп, киіз үйімізге соларды қонаққа шақырамыз. Бұлай болмайды. Олар да қазақтың дәстүрімен тыныстасын. Көршісін, досын, манайындағы жақсы адамдарын қонақ қылысын.

Наурыз кезінде Қыдыр атамның сыйлық таратып жүреді. Қыдыр ата дорба

сүйрепті, елге сыйлық таратыпты дегенді қай атамыздан естідік. Қыдыр атадан ел бата, медет сұрайды. Ол әлгі мұрыны мен беті қызыл, немересін ерткен Батыстың Аяз атасы емес. Осыны доғаруымыз тиіс. Өйтпесе, Қыдыр ата мен аяз атаның айырмасы болмай кетті.

Айтбай Жұмағұлов: Киімнің ұлттық стилі өзі-ақ қалыптасып кетейін деп тұр

Кейінде бір мәселені талқылау үшін сұхбат құруды, жиын өткізуді әдетке айналдырып алғандаймыз. Сөзіміз өте көп. Бірақ, іске келгенде не істерімізді білмей, абдырап



лекеттік қызметкерлер, оның ішінде мәдениет саласындағылар мен мұғалімдер ұлттық киім кесе, нұр үстіне нұр болар еді. Талап қойылса, тіпті, керемет. Айтпай мырза айтып отырған заманауи үлгідегі шапандарды, комзолдарды жаппай қолданысқа енгізуіміз тиіс. Ол үшін колонершілерге қолдау көрсетейік. Саудаға шығарсын өнімдерін. Ұлттық құндылықтың сақталуына да, өзінің әлеуметтік жағдайына да қызмет етпек.

«Дәстүр» деген орталықты аштым. Іргедегі қырғыз ағайындар жаппай шапан тігіп, саудалауда. Ал, бізде ше? Қаншама қазақтың қолынан іс келетін әйелдері жұмыссыз отыр. Соларды жұмыспен қамтық. Үйде баласын бағып отырып та іс тігуге болады ғой. Табиғи жүннен тоқылған табиғи таза киім-кешектер ұлттың денсаулығына да пайдалы екенін ескерейік.

Нұржан Сұршаұлы: Бүгінгі қазақ қоғамына ақсақалдар жетіспей тұр

Бір ғана Наурыз мейрамын айтамыз деп біршама өзекті тақырыптарды қозғап жібердік. Бүгінгі қазақ қоғамына ақсақалдар жетіспей тұр. Наурызды өз биігіне шығару үшін миллиондап қаржы жұмсаудың қажеті шамалы. Егер жас ұрпақтың санасында ұлттық тәрбие болмаса, миллиардтардың да пайдасы болмайды. Түрлі идеяларды айтып отырмыз. Баланың жүрегінде ұлтқа деген махаббаттың оты жанбаса, сағаттап отырып идеяларды тізу-



қалатынымыз жасырын емес. Наурызды өз биігіне көтеріміз тиіс деп жатырмыз.

Негізінде, барлығы отбасынан басталуы тиіс. Балаға Наурыз туралы әкімдік емес, біз емес, үйдегі әке-шеше, ата мен әже айтқаны дұрыс. Бала үйден сіңірсін осы сөздің бәрін. Ұлттық киім, ұлттық стиль деп жатырмыз. Елге сіз өзіне ұнамайтын сол баяғы Қытайдан келетін сапсыз шапанды, тақияны ки деп айта алмайсыз. Бүгінде ұлттық киімді заман талабына сай етіп пішіп жатқан кәсіпкерлер көп. Соларға қолдау көрсетейік. Жап-жақсы қазақы оюмен сәнделген пиджактар, күнделікті жүріс-тұрысқа ыңғайлы күзгі, қортемігі шапандар біз айтпасақ та сөнге айналып келеді. Біз тек жарнамасына, насихатына көмектесіп жіберсек болғаны, киімнің ұлттық стилі өзі-ақ қалыптасып кетейін деп тұр.

Тағы бір маңызды мәселе: Арқада наурыз айында әлі қар жатады. Тіпті, боран соғып та кетеді. Көңіл күйіміздің жақсы болуы ауа райына да байланысты. Осыны да ескерсек.

Эстрадамызда патриоттық әндерге басымдық беруіміз тиіс. Жастардың рухын ояту – бүгінгінің басты міндеті болып тұрғаны жасырын емес. Наурызда халық әндеріне, күйлеріне, патриоттық әндерге басымдық берсек.

Сосын, Наурызда бәрін киіз үйге тықпалағанды қою керек. Жалпы халықтық сипат алуы үшін, сауда үйлерінде, мәдени мекемелерде ұлық мейрамның иісі шықсын. Міне, айтып отырған халық әндеріміз, күйлеріміз осындай жерлерде шықалсын. Хоккейге, футболға барсаң да, жалпы бүкіл ғимаратта Наурыздың атмосферасы сезілісін. Қымыз сататындар көп бүгінде. Соларға субсидия бөлейік арнайы. Ауқымын кеңейтсін. Жұрт жаппай қымзы ішін, құртын, сары майын жесін.

Меруеш Башай: Науқаншылдықтан тыйылсақ

Қазақты қазақ етіп сақтап келген дәстүрі мен әдебі екені белгілі. Сондықтан, дәстүр мен әдепті насихаттауда науқаншылдықтан тыйылсақ. Наурыздың шарапаты осындайда керек. Бір сөзбен айтқанда, Наурызды өз биігіне шығару үшін жаңа тұжырымдама қабылдап, нақты іске көшкен жөн. Мәселен, мем-



дің де қайыры жоқ. Ұлт мүддесі жолындағы жұмыстар ешқандай айқай, ұрансыз шындап атқарыла бастаған күні Наурыз өз-өзімен ұлттық дәрежеге көтеріледі деген сенімдемін.

Түйін

Халқымыз 70 жылдай Кеңес үкіметінің идеялогиясымен өмір сүрді. Кеңес үкіметі идеялогиясының бір мықтылығы: олар өздеріне ыңғайлы жүйені, дүние танымды адамға мектеп кезінен сіңіргені белгілі. Мысалы, бәрін жаппай пионер қылды. «Ленин – біздің бабамыз» деп сайратты да қойды. Наурыздың да қадір-қасиетін, бағасын жас ұрпаққа мектеп кезінен сіңіру керек секілді. Бұл пікірді жоғарыда Майра Әбдірахманованың сөзінен таптық. Біздіңше, жөн сөз. «Елу жылда ел жаңа» дейді біздің жұрт. Мектеп қабырғасындағы балаларға Ұлыстың ұлы күнін тиісінше насихаттай алсақ, келешекте ұлық мейрамымызды солар өз биігіне шығарады деген ой түйдік. Ал, дөңгелек үстелімізде айтылған пікірлер, көтерілген мәселелер ескерілсе, біршама жыртығымыз жамалады деген үміт жоқ емес. Сол баяғы науқаншылдығымызға басып, бір жылда бір келетін көктемнің осы бір айынан дабырлап өте шықпасақ болғаны.

Модератор Ерік НАРЫН

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жаңа өмір, жаңа күнмен қауышу



Сауда үйлерін саз тербеп...

Қарағандыда тұңғыш рет көрісу күні тойланды. Арқа мәдениетінің ақсарайы атанған Сәкен театрында осыны негізге ала отырып ұйымдастырылған «Амал деген айыңыз...» атты өнер жәрмеңкесінде ел-жұрт есендік сұрасып, арқа-жарқа болды. Ұлттық құндылығымыз шеру тартқан көрме де, Көрісу күні көрініс тапқан театрландырылған қойылым да ерекше әсер сыйлады. Сәні мен салтанаты келіскен кештен көпшіліктің жаны жадырап, рухы аспандап таркасты.

Ораза айы болғандықтан ауызашарға қалуын өтініп, қазанға ет салдырады. Ақсақал көрісуге келген меймандардың құрметіне Ауылдың алты ауызын айтысы деп немересін жүгіртіп жіберіп, өнерпаздарды шақыртады. Осы мезетте ақындар Қойлыбай Асан, Серік Сағынтай, Қайрат Асқар

не қолдау көрсеткен облыс басшылығына, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл өнер мерекесі облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткенін әуел баста айта кеткеніміз жөн. Қазақстан Жазушылар одағының облыстық филиалы да кештің мазмұнды орбуіне өз үлесін қосты.

Жеті қазына түгенделген көрме жәр-



меңкеге жиналған жұрттың көзайымы болды. Белгілі суретшілердің туындыларын тамашалады. Бүркітін балдағына қондырып, тазы жетектеген құсбегі, аңшылармен қуана қауышқан меймандардың жүзінен жылылықты, көзінен далаға деген сағынышты анық аңғаруға болады. Колонершілер мен зергерлер өздерінің төл туындыларымен сауда сәнін келтірді. Мәре-сәре күй кешіп жүрген жұртты кеш тізгінішісі, ақын Еркәнат Кенесбекұлы сахнаға қарай шақырғаны сол еді, ортаға жігіттер «Қарағанды – қайнаған қара қазан, Бастайын мен де шырқап жарапазан», деп әуелете шырқап шығып, Жер Ананың жаңарғанын, жылдың аман жеткенін жырыларына қосты.

Мерекелік кездесудің шымылдығын ашқан облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын қауымды Амал мерекесімен құттықтады.



Наурызнаманың жаңа дәуірі басталды

Бұдан былай қазақстандықтар Наурыз мерекесін он күн тойлайтынын біліп, шыны керек, қуандық. Ата-бабаларымыздан келе жатқан Наурызнама дәстүрі жаңаша леп алып, жаңаша тойлана бастады. Бұл ежелгі ғұрпымыздың жаңа дәуірі басталды деген сөз.



Мемлет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлыс мейрамын жаңғырту туралы айтқаннан бастап, Үкімет тиісті шараларды қолға алды. Басты мерекеге дейінгі күндерді белгіледі. Он күннің әр күні жекелеген тақырыпқа арналады. Оның барлығы қазақ халқының бай мәдени мұрасы мен ұлттық құндылықтарынан бастау алады.

Бұл ретте айта кетер тағы бір маңызды жайт бар. Ел Президенті биылғы үшінші Ұлттық Құрылтайды осы мереке қарсаңында өткізуге шешім қабылдауы да бұл мерекенің мән-маңызын арттыра түседі. Құрылтайдың алғашқы күні Амал мерекесімен тұспа-тұс келуі де ерекше

– Ырымшыл халықпыз ғой. «Ай көрдім, аман көрдім. Баяғыдай заман көрдім. Ескі ай есірке, жаңа ай жарылқа» деген қазақтың баласымыз. Бабаларымыз бұл күнді ежелден ерекше көрген. Амал мерекесін өз Наурыздың бастауы деп білеміз. Самарқанның көк тасы жібигіні, елдің пейілі кеңейетін, дүние кеңейіп, жарықтың молаятын ерекше кезі. Абайша айтсақ: «Қырдағы ел ойдағы ауылмен шұрқырай табысып, көрісетін күн». Бұл, қол алысып, кеуде түйісіретін күн деп ойламаймын. Көңілдің кеңейетін, жоқ-жітікке қарайласатын қайырымдылық айы. Араздың татуласып, алыстың жақындайтын күні. Баршаңызды осы бір мерейлі мейраммен құттықтаймын, – деді Ерлан Бейсембайұлы.

Одан әрменгі құттықтау сөзді құрметті қонақтар жалғады. Ғасыр адамы, белгілі ғалым Темірғали Көкетаев Амал мерекесінің таным мен тағылымына терең тоқталды. Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Серік Ақсұңқарұлы Арқа жерінде бұл мейрам ертеде тойланғанын, қыстан аман шыққан елдің есендік сұрасатынын айтып, қайта жаңғырып жатқанына батасын берді. Ал Астанадан арнайы келген Ғалым Жайлыбай Қарағанды руханияттың үлкен ордасына айналып келе жатқанына тоқталып, елді сағынып, асығып жеткенін жеткізді. Шайырлар бір-бір өлең оқып, жұртшылықты жаңа жасымен құттықтады. Алматыдан келген жазушы, драматург Думан Рамазан сөзін түйіндей келіп, Қарағандының рухани құндылықты жоғары бағалап жүргеніне ризашылығын білдірді.

Жәрмеңкенің салтанатты ашылу рәсімінен соң, қонақтар театрдың кіші залына жол тартты. Арқаның жас өнерпаздары мен ақындардың қойылымын көрермен жылы қабылдады. Арқа ақындарының да театрдағы өнері тамаша шықты. Сахнада құрылған киіз үйде он мен жыр айтылды, күй төгілді, мәртебелі өлең оқылды. Ойын да ойналды.

...Ер-тұрманын түгендеп отырған Ахай ақсақалдың ақбоз үйіне көрші ауылдан Оразбай ақсақал бәйбішесімен амандық сұрасып кіріп келеді. Үй иесі алыстан ат арытқан мейманның алдынан ақ алып шығатын дәстүрдің бар екенін, алайда

үйдегілер көрісіп, төс қағыстырады. Ақсақал ақындарға «Мына көрі құлағымыз жыр аңсайды. Арқада Ақсұңқарұлына ерген қырық ақын бар деуші еді. Қойлеке, жыр додасын өзін бастап бер», деп қолқа салады. Бір-бір өлеңдерін оқып беріп, әрмен қарай ауыл жұртымен көрісуге өтінішін алады. Көңілі марқайған үй үлкені қос қонаққа тай сойғызады.

Көп ұзамай ауылдың алты ауызы да келеді. Әншілер Саян Мұздыбай, Шығыс Сәрсенбай, Саян Бөдес, Нұрлытаң Саятқызы және күйші Мадияр Сүлейменов ортаны думанға бөлейді. Ән мен күй кезек жалғанып жатқанда Оразбай ақсақалдың ауылынан ақын Еркәнат Кенесбек, Салтанат Смағұлтегі, Жәлел Қуандықұлы, Салтанат Қайырбек келіп, өлеңдерін оқып, өнерлерін көрсетеді. Ақсақалдар ауылды аралауға кетіп, жастар думан кешін әрі жалғайды. Қауышпауға келген әншілер Қуандық Төкен мен Арайлым Жүкенова да әндерін салып, ортаның көрігін қыздырады. Өнерпаз жастар Қаражорға биін жарыса билеп жатқанда үйдің үлкендері кіріп келіп, қос ақсақал ықта-рын қозғалтып, биге кірісе кетеді. Кемпірлері қой-қойға басып, қақпайлап алады. Өстіп арқа-жарқамен кеш те батып, ауызашардың уақыты кіреді. Осы мезетте мейман Оразбай ақсақал бата жасайды.

Міне, осылайша көрші-қоланның, ағайын-туыс пен дос-жаранның бір-бірімен риясыз көрісуін шынайы сомдап шығады. Қойылымдағылардың бір-бірімен жарасымды әзілі, астарлы әңгімесіне ел қошемет көрсетіп отырды.

– Кешіміздің атауы қазақтың классик ақыны Есенғали Раушан ағамыздың кітабымен аттас. «Амал деген айыңыз...» Бұл да – бір нышан. Осы бір іс-шараның өтуі-

Жұмакеновке, облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының әдістемелік орталығының басшысы Индира Қанафинаға мың алғыс айтамыз. Және бір мықты менеджер Асхат Қажытайға ризашылығым бар. Арқаның ақтанкер әншілері мен бірегей ақындары кәсіпқой



актерлармен бір сахнада, тең дәрежеде өнер көрсетті деуге болады. Илегеніміз бір терінің пұшағы, қазақтың өшкенін жандыру, өлгенін тірілту. Осы кәстерлі жұмыста білегіміз талмасын, жүрегіміз солмасын, – дейді Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры, ақын Жанат Жаңқашұлы.

Осылайша, өнер жәрмеңкесінен жиылған жұрттың жаны семіріп, көңілі серігіп қайтты. Ұйымдастырушылар «Алдағы жылы Амал мейрамын бұл кештен артық қып атап өтпесек, кем өткізбейміз», деп отыр. Олай болса, келесі Амал мерекесінде амандықпен кездесейік.

Суреттерді түсірген
Ерасыл БАЗЫЛОВ

Амалды айрықша атап өтті

Өткен жылдағы өкпе, өкінішті ұмыттырып, ақ ниетпен қол алысуға шақыратын Амал мерекесін Н.Гоголь атындағы кітапхана ұжымы ерекше көңіл күйде атап өтті. Қыстан аман-есен шығып, көктемге аяқ басқан кітапхана қызметкерлері Ұлыстың ұлы күніне орай құшақ жайып, көрісті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық киімдегі қыздардың мерекелік шашуы Наурыз думанның сәнін ашты. Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің «Ұшқын» шығармашылық жастар ұйымының мейрамға дайындаған «Наурыз басы» театрландырылған қойылымы көптің қошеметіне бөленді. Кітапхана ұжымы мейрамға арнайы «Нұрәсем» сән үйінің «Сарыарқа өрнектері» топтамасын ұсынды.

– Биыл Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа тұжырымдамасы бойынша Наурызнама онкүндігі жарияланған болатын. Ежелгі дәстүр бойынша Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамына апта қалғанда Амал мерекесін тойлайды. 14 наурыз күні тойланатын «Көрісу – Амал» мерекесі Ораза айымен тұспа-тұс келді. Бұл күні өкпеленішті ұмытып, бір-бірімізге жақсылық тілеуіміз керек. «Бір жасың құтты болсын!», «Амал мерекесі құтты болсын!» деген ниетпен алдымен әулеттің үлкендеріне сәлем беріп, көріскен жөн. Бір-бірінің көңілдерін аулап, жаңа жылдың келуіне орай



қадесейлар ұсынған жақсы. Амалдан амалға аман-есен жетейік. Бәріңізге құтты жыл болсын!», – деп атап өтті кітапхана қызметкерлері.

Мереке аясында жастардың сауық-сайранына ұласқан ерекше ойындар ойнатылды. Әсіресе, бес кішкентай домалақ тас немесе кейде бес асық болып келетін «бестас» ойыны жастардың ойындары әбден менгергенін, қағылздігін байқатты. Сондай-ақ, жастар мере-

Ансамбльдің көркемдік жетекшісі, «Құрмет» орденінің иегері Сержан Мұсайынның айтуынша, өнерпаздар сауда орындарында алғаш рет өнер көрсетті.

– Биыл Наурызды тойлау тұжырымдамасына байланысты концерттік бірлестіктің бірқатар ұжымдары көрермендерге жақын болайық деген ниетпен сауда орындарына шықты. «Арай» ансамблі ғана емес, «Мерей», «Әуен» ансамбльдері, «Арқа сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, Тәттібет атындағы академиялық халық аспап-



тар оркестрі де бар. Әдетте концерттік орындарда өнер көрсететін едік, сауда орындарында алғаш рет ұйымдастырылып отыр, – деді Сержан Мұсайын.

Халық әндерімен қатар, орыс, ағылшын тілдеріндегі туындылар шыққанды. Сауда үйіне келген қонақтар ансамбльдің өнерін тамашалауға тамаша мүмкіндік алды.

– Наурыз мерекесін бұрын 2-3 күн ғана тойлайтын едік. Жылдам өтіп кететін. Орталық саябаққа барып, концерт көріп қайтатынбыз. Сонымен бітті. Биыл 14 наурыз бен 23 наурыз аралығында 10 тойлау Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен қолға алынды. Бұны отбасымен бірге қуана қосадық. Өйткені, қазір ұлттық кодмызға қауіп төніп тұрған қым-қуыт шақ. Сондықтан, Наурызды 10 күн тойлап, салт-дәстүрімізді, ұлттық болмысымызды кеңінен насихаттау – құптарлық іс. Әсіресе, ұмытылып бара жатқан ырым-тұйымдар, әдет-ғұрыптар қаншама. Солардың бәрін көріп, танысып, тамашалап, керемет күй кешіп, өзіміздің қазақ екенімізді сезініп жатырмыз. Сонымен қатар, бұрын тек мәдениет үйлерінде ғана болатын шаралар қазір сауда үйлерінде және басқа да ел-жұрт көп жиналатын қоғамдық орындарда өтіп жатыр. Жоғарыдағы отырған азаматтарға алғысымыз шексіз. Ел іргесі аман, жұрт іші тыныш болғай, – деп ағынан жарылды қала тұрғыны Асылбек Сүлейменов.

кеде мергендік пен ептілікке баулитын асықты «алшы», «тәйке», «бүк», «кішкек» иіріп, түскен қалыптарын көпшілікке түсіндірді.

– Қазақтың ұлттық ойыны асық ату-дың және басқа ұлттық ойындардың балаларға берері мол. Мысалы, бестас – баланы ептілікке баулиды. Ұтқыр болуға үйретеді, – дейді Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің студенті

Асылжан Қазықен.
Кітапхана ұжымы осылайша көктемнің және жаңарудың бастауын білдіретін Амал күнінде рухани құндылықтар арқылы ұлттық ойындарды дөріптеді. Қарағандылықтарды мерекемен құттықтап, бірлік пен аман-саулық тіледі.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Отандық ғылым – тиімділік тірегі

«Агроғылымды дамыту және ең бастысы, оны ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолдану үшін шаралар қабылдау қажет. Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығын зерттеу ісінің барлық сатысын қамтитын агротехнология хабына айналдыру керек.

Сондай-ақ, шетелдің танымал агро-ғылыми орталықтарымен толыққанды ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастық орнату керек. Біз жеке ғылыми-технологиялық бастамаларды қолдаймыз. Білім беру бағдарламаларын ауыл шаруашылығы талانتтарына бейімдейміз» деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында. Расында да, қай елдің болса да, экономика негізі ғылымда, білімде екені баршаға мәлім. Дегенмен, бүгінде ғылыми сала да өтпелі кезеңнің тоқырауынан оңала алмай келе жатқаны анық. Осы орайда, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың, Білім және ғылым министрлігін қайта «Ғылым, жоғарғы білім» және «Оқу-ағарту» министрліктері етіп екіге бөлуі, мемлекеттік мәртебеде Ұлттық ғылым академиясын (ҰҒА) қайта ашуы, ғылымға, ел экономикасына тікелей қызмет етуді жүктеуі, тың серпін бергені де ақиқат.

Сонымен қатар, ҰҒА тарихында тұңғыш, ауыл шаруашылығы маманының, яғни, ғалымы, білікті ұйымдастырушысы Ақылбек Күршібаевтың, оның президенті болып тағайындалуы, ауыл шаруашылығы ғалымдарына қосымша күш-жігер, жауапкершіліктер де жүктегендей.

Осы орайда, академия мүшелерін сайлау жобасына ұсынысым бар. Екіншісі академик боламын демейді. Яғни, қосымша шарт, талаптарсыз, ғылыми дәрежесі, ғылыми-өндірістік өтілімі, отандық баслымдарда мақалалары жарияланған ғылыми қызметкерлер, академия мүшелігіне үміткер болса, бұдан академия құрамы ұтпаса, ұтылмайды.


Мысалы, егін, мал шаруашылығы салаларында еш ғылыми дәрежесіз, екі рет Социалистік Еңбек ері атанған Т.Мальцев, белгілі ғалымдар А.Бараев, Ю.Зыков, С.Жандырқин, Н.Базанова, Ф.Мұкамедгалиев, М.Ермеков, В.Бальмонт, Қ.Медеубеков, т.б. шетелдік мақалаларсыз, мектептерін ашпай-ақ, ерекше ғылыми-өндірістік еңбектері негізінде академиктер болып сайланған ғой.

Осы орайда, жаңылыспасам, Лия Жаканов ағамызды, құнды өнер туындылары үшін композитор атағына ұсынарда, «Сізге консерватория дипломының болмауы кедергі» – дегенде, «Құрманғазының да дипломы болмаған, бірақ, оның атын консерваторияға берген ғой» дегені еріксіз еске оралады. Осы сияқты ғылымда да соңғы кезде бюрократиялық кедергілер бұлед алып отыр. Шынтуайтында, бұл үрей, ғылымға кері ықпал етуі әбден мүмкін.

Ресейдің, беріде Нобель сыйлығын

можно сделать только один неизбежный вывод, что недальновидная политика, т.е. слепое копирование западных опытов ставит под угрозу существование не только отечественной науки, но и самой России, как суверенного государства» деген екен. Сөз-ақ қой, дөп тиетін сияқты.

Бүгінде, негізінен, еліміздің ғылыми «өрісі» шетелдік сарапшы – ғалымдарға байланысты. Ал, гранттары еліміздің өндірісі, экономикасы және табиғи ерекшеліктерінен бейхабар шет елдерде мамандық иеленгендерге тиесілі болып отыр. Осыдан да шығар, бүгінгі заманауи ғалымдарымыз нақты ғылыми-зерттеу жұмыстардан гөрі шетелдік, халықара-



Реформа – өміршең өзгерістер



Коллаж: Александр М. Обинов

иеленген, атакты ғалымы Ж.Алферов: «На словах власть заботится о научном потенциале государства, но на деле положение такое, что наукой могут заниматься сегодня только негосударственные оптимисты», «много слов произносится об экономике, основанной на знаниях», инновационном этапе развития, увеличении «результативности» научных исследований, но в реальности происходит с точностью наоборот», «из всего этого

лык сертификаттарды, түрлі рейтингтік құжаттарды, мақалаларды қуалап кеткенге көп ұқсайды.

Мүмкін, іргелі ғылым шеңберінде шетелдік тәжірибелерге, пікірлерге де жүгіну маңызды шығар. Бұл қолданбалы ғылымда, әсіресе, аграрлық сала бойынша бұлай мәжбүрлеу, міндеттеу, отандық ғылымның дамуын шектеп, өндірісін «ауыздықтап» отыр деуге толық негіз бар.

Ең өкініштісі, шетелдік ғылыми ба-

сылымдарда мақалалар жариялау қиямет. Оның делдалдық қызметтері өзіндік «бизнеске» де айналғандай, қомақты қаржы қажет етеді. Сонда кезінде ғылыми рейтингтері жоғары журналдарымызды қаражат тапшылығы деп жауып, «бүгінде шетелдіктерді қаржыландырып отырған жоқыз ба?» деген ой келеді.

Бұл сыртқа еліктеушілік сонау еліміз егемендік алғаннан, «тез арада дамыған елдер қатарына жетеміз» деп, отандық

• БРИФИНГ

Диқандар көктемгі егіске дайын

Көктем – диқандардың жер жыртып, егін салуға асығатын мезгілі. Биыл да осы үрдіспен облыста көктемгі егіс жұмыстарын уақытылы және сапалы жүргізуге дайындық жұмыстары белсенді жүргізілуде. Дегенмен, ағымдағы жылы бидай алқабы 8 мың гектарға, арпа алқабы – 12,7 мың гектарға азайтылады. Бұл шаралар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың егінді әртарап-тандыру жұмыстарын күшейтуге қатысты берген тапсырмасынан кейін қолға алынуда. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Саят Мүсин осылай мәлімдеді.

Салтанат ШИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірақ, бидай мен арпа алқабы азайғанымен, жоғары рентабельді дақылдар алқабы ұлғаяды. Атап айтсақ, майлы дақылдар алқабын 27,3 мың гектарға, азықтық дақылдар алқабын 18,2 мың гектарға ұлғайтылады деп күтілуде.

– Биыл дәнді дақылдар алқабы – 959,1 мың гектар, майлы дақылдар – 57 мың гектар, шаруашылық құрылымдарындағы картоп алқабы – 11 508 гектар, көкөніс – 1 272 гектар, азықтық дақылдар алқабы – 80 мың гектар болмақ. Ал, облыстағы екі тұқым шаруашылығы – «Шахтерское» ЖШС мен Қарағанды ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясында қажеттілікті қамтамасыз ету үшін 7,3 мың тонна тұқым материалы бар, – дейді Саят Қабиденұлы.

Одан бөлек, диқандар үшін былтырғы жылғы үшінші санатты бидайдың тұқымы да сатылады. Тоннасы – 150 мың теңге.

Өлбетте, жақсы өнім кепілі – минералды тыңайтқыштарды қарқынды қолдану. Мемлекет басшысының өнім көлемін 2028 жылға қарай екі есеге ұлғайту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында минералды тыңайтқыштарды пайдалану бойынша тиісті индикаторлар барлық өңірлерге жеткізілген.

Мәселен, минералды тыңайтқыштар өткен жылы 405,0 мың гектарға енгізілсе, биыл бұл көрсеткіш 581 мың гектарға ұлғайған. Ол үшін шамамен 71,5 мың тонна тыңайтқыш алу жоспарда.

Басқарма басшысы өсімдік шаруашылығы өнімі өндірісін ұлғайту жөніндегі негізгі міндеттердің бірі – суармалы жерлерді айналымға енгізу екенін де ай-

тады. Бұл үшін биыл облыстағы суармалы жерлер алқабы 4,5 мың гектарға ұлғайып, жалпы ауданы 37,7 мың гектарға жетпек.

Бүгінде ауыл шаруашылығы техникаларын егіс жұмыстарына дайындау жұмыстары жүргізілуде. Барлығы 24 мыңға жуық техника жұмылдырылса, ішінде 9,8 мыңнан астамы – трактор, 231-і – заманауи егіс кешені және 4,1 мыңы – сепкіштер.

– Облыста 37 741 ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдыктары бар. Оның 11 844-і – доңғалақты және шанжыр танды трактор. Бұдан басқа, 407, 273 егіс кешені, 6 244 сепкіш, 3 181 трактор тіркемесі, 3 400-ден астам топырақ өңдеу техникасы мен шоп шабу техникасы бар. Техниканың көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге дайындығы 94,3%. Бұл бағытта жұмыстар жалғасуда, – дейді Саят Қабиденұлы.

Мемлекет басшысының 2030 жылға қарай ауыл шаруашылығы техникасын жанарту пайызын 10%-ға дейін ұлғайту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында 2024 жылы ауыл шаруашылығы көліктерінің паркі де жаңартылады. Ол «ҚазАгроҚаржы» АҚ кредиттеу есебінен, сондай-ақ, «Ауыл аманаты» жобасы бойынша ауыл шаруашылығы техникасын лизингке сатып алу есебінен жүзеге асырылмақ. Ол үшін облыстық бюджеттен 500 млн. теңге бөлу көзделген.

Басқарма басшысы көктемгі егіс жұмыстарына 17,4 мың тонна арзандатылған дизель бөлінгенін де жеткізді. Операторлары – «Retail Trade Oil» ЖШС және «Мұнай-Сотрапу» ЖШС. Дизель отыны, Қарағанды қаласы және Осақаров кентіндегі мұнай базасынан литрі 245 теңгеден босатылады.

• ЕҢБЕК АДАМЫ

Жас шопанның жалыны

Жастар ауылдан қашады деген сөз жаңсаққа айналып келеді. Аймағымызда ауылға қоныс аударып жатқан жас маман көп. Керек десеніз, қаладағы жұмысын тастап, шаруашылық ашып жатқан жігіттер де бар. Солардың ішіндегі ең жасы, еті тірісі – Нұрбек Жәнібекұлы.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

24 жастағы Нұрбектің алдында бір отар қойы бар. Еділбай қойын өсіріп, өрісін толтырып, нарыққа шығарып отыр. Әкесінің де шаруашылығында жылқы мен сиыр бар. «Шаруаның бір шетін көтерісемін» деп келген ұлына еншісін беріп, жеке шаруашылық етіп шығарады. Еділбай қойын өсіруді о баста ойластырып келген Нұрбек шаруасын ширатып әкестеді.

Нұрбек жасы 18-ге толысымен оқуын сырттайға ауыстырып, жұмысқа шығады. Өзінің білім алып жүрген мамандығы бойынша пойызда жолсерік болып еңбек жолын бастайды. Көп ұзамай жолсерік бригадирі болады. Теміржол саласындағы төрт жыл еңбек өтілін тәрк етіп, ата кәсіпті өркендетуге белін бекем буады. Баласының бұл ойын әкесі Жәнібек те бірден құптады. Қой шаруашылығын көтерейік деген ойы да әкесінің қолдауын табады. Үй ішінің сенімін әбден сезінген ол кәсіпке қорықпай кіріседі.

– Өкменнің шаруашылығында жылқы, сиыр бар. Бірақ, менің қой өсіргім келді. Неге десеніз, қой еті сиыр етінен қымбат. Төлі тез өседі, тез көбейеді. «Мал өсірсең, қой өсір – пайдасы оның көл-көсір» деген бабаларымыздан қалған сөз бар ғой. Біз көбіне тұқым ретінде саудалаймыз. Шаруа қожалық иелері алады. Қой өсіргісі келетіндер де алып, малданады, – дейді фермер Нұрбек.

Жас фермердің қыстағы Қарағандының іргесінде. Бұрын ол жерді «Түйе-қонған» деп атаған. Үлкендер бұл жерден үлкен көш үлере көшкен, осы бір жайлы жерге керуен тоқтаған деседі. Ол көште саудагер-көпестер көп болған. Осы бір ретте Нұрбек батырдың ырымшыл екенін аңғарып қалды. Шаруашылығын ашайын деп жатқан кезде 1981 жылғы көне тыны тауып алыпты. Бірден жақсыға ырымдап, қойым байытады деп қолын



жайған көрінеді.

Жас фермер Еділбай қойын әлемдік нарыққа шығарғысы келеді. «Шаруашылығын енді ғана бастап жатқан жігіттің қолынан бұл келер ме?», деуіңіз мүмкін. Бірақ, ойлағанын орындаймын деп білегін сыбана кіріскен. Қалай десеніз, айтайық. Әлеуметтік желі арқылы. «Instagram», «Tik-Tok» парақшаларын белсенді жүргізіп отыр. «edilbai_kz» деген атаумен екі парақшасындағы оқырман саны 100 мыңға жуықтап қалған. Әр жазбасын Қазақстанның түпкір-түпкірінен, тіпті, көршілес елден де қалт жібермей, қарап отырады.

«Әлеуметтік желідегі парақшаларымда ата кәсіптен енді айналысып жатқандарға бағыт-бағдарымды көрсетемін, шаруашылыққа қажетті түрлі видеоларды жүктеп отырамын. Еліміздегі ауыл шаруашылығы саласының озық дамығанын қалаймын», – дейді кейіпкеріміз. Мәселен, 115 мың қаралым жинаған

ғылымды аяқасты етуден басталды. Осының бір айғағы, шетелдік асыл тұқымды малдарын тасымалдаудың нәтижесі болса керек.

Демек, гранттық ғылыми тақырыптар, еліміз ауылдық аймақтары сұраныстарына сай жасақталып, конкурса ұсынылса, тиімділігі көп құтқирмес еді. Өкінішке қарай, бүгінде, бұл, керісінше үрдісте. Бұл туралы, кең көлемде «Дат» газетінде (26.04.2018), бір бетте Ақылбек Қажығұлұлының мақаласымен үндес «Іріктеу тәртібі ашық болсын» атты мақалам да жарық көрді. Сондай-ақ, кезінде бұрынғы ҰҒА президенті, академик Мұрат Жұрыновтың да мазмұндас мақаласы жарияланған болатын. Сондықтан да, қолданбалы, әсіресе, отандық мал шаруашылығы ғылымының даму жолын шетелдік «шырмауықтан» құтқарып, еркіндік, ерекше қолдаулар жасалмаса, мал өнімдері өндірісінің бүгінгі тығырықтан шығуы екіталай.

Сонымен қатар, соңғы кезде ауыл тұрғындарының жанайқайының үлесі бара жатқаны да ойландырса керек. Шынтуайтында, бұл да, жоғарыдағы жайттарды дәлелдейді. Ол ауыл шаруашылығы ғылымының бүгінгі таңда осалдығын, пәрменсіздігін көрсетсе керек. Ауылдағы ағайынның мәселесі шешілмесе, шетелдік сарапшылар өкілеттіктерінің, сертификаттардың, дипломдардың, мақалалардың құндылықтарынан не пайда?!

Демек, сонау ата-баба тәжірибесінен бастау алған, елімізде мал шаруашылығының қарқынды дамуын қалыптастырған, кезінде әрқайсымыз да тиісінше үлес қосқан, құнды ғылыми-өндірістік тәжірибелер мен жетістіктерді, бүгінгі ата кәсіптің «стуралау» шағында насихаттамай, өндіріске енгізуге ықпал етпеуіміз түсініксіз сияқты.

Сондықтан, Ауыл шаруашылығы ғылым академиясы (АШҒА) жанынан «Отандық ауыл шаруашылығы ғылыми өнімдері мен жетістіктерін қайта жаңандыру, жетілдіру» (возобновление и совершенствование) орталығын қоғамдық негізде ұйымдастырудың да берері аз болмас еді деп есептеймін.

Кәкімжан САРХАНОВ,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
Қазақ ауыл шаруашылығы академиясының академигі

видеосында ол қойға бидайды қалай дұрыс беру керектігімен бөліседі. «Еділбай қойының ерекшелігі боранға қарамай, тебіндеп жайыла береді. Суыққа өте төзімді. Дегенмен, аязда біз бидай береміз. Ішін қыздырады. Сол себепті, еркін жайылады. Жас маркаларға, қосқарларға береміз. Күйін жоғалтпайды. Көп мөлшерде беруге тағы болмайды. Буаз қойлар іш тастап жіберуі мүмкін», деп бейнежазбасын аяқтайды.

Қоздаған қойдың күтімі, оларға берілетін түрлі витамин, үгітілген бор, табиғи тұз беретін жеткізеді жас шопан. Енді бір жарияланымында қойдың қорасы қандай болу керектігін, астының мұз әрі ылғал болмауына назар аудару қажеттігін айтады. Жазбаларындағы пікірлер топтамасына да көз жүгірте өттік. Ауылда тұратын оқырманға оң пайдасын тигізіп жатқандай көрінді бізге. Бәрі жас шопанға алғаусыз алғыстарын жаудырып жатыр. «Осы секілді біз біле бермейтін дүниелер бөлісіп тұрсаңыз, жақсы болар еді. Біраз ақпарат алдық» дессе, енді біреуі «Қойыңыз қонды екен. Жақсы салмақ басатыны көрініп тұр. Қалай сағып алсақ болады?», деген сынайдағы пікірлер қалдырды.

Демек, Нұрбек желідегі парақшалары арқылы қойын сәтті саудалап отыр деген ойда қалдық. Несі бар? Қойын сойып, оны қалаға апарып, базарда тұрып, уақыт жоғалтпайды. Қорасынан-ақ өткізеді. Бұл да жас шопанның жарнама көзін жөн тапқандығы.

«Сенбі, жексенбі демалыс жоқ. Сегіз сағаттық жұмыс уақыты деген жоқ. Күні-түні осы малдың соңындамыз. Мал бағудың машақаты өте көп. Қып-қызыл бейнет. Бірақ, береке бар. Еңбектің тәтті дәмін тататын кез де келеді», – дейді өзі.

Нұрбек – әкесі мен анасының екініші ұлы. Бір ағасы, үш інісі бар. Әкелері ұлдарын адал еңбекке баулып өсірген. Қара жұмыстан қашпайды. Жас шопанның тағы бір асқақ арманы бар. Өзінің адал жарын жолықтыру, отау құру. Бұйырса, ол күннің де ауылы алыс еместігін және жасырып қалмады.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 79 ЖЫЛ

Батыр ұрпағы – барлаушы қыз

Сұрапыл соғыстың аяқталғанына 80 жылға жуықта да, Жеңісті жақындатқан ата-бабаларымызды ұмытпай, олардың майдан даласындағы ерлігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – парызымыз. Әсіресе, сол сұрапыл соғыста ерлермен бірге алғы шепке өз еркімен аттанған қыздарымыз да аз емес-ті. Қазақтың сондай өжет қыздарының бірі – Тілен Батырдың ұрпағы Рахила Ералина апамыз еді.



жасында 1942 жылдың көктемінде өз еркімен сұранып, Ұлы Отан соғысына Қарағанды қаласынан аттанады. Әскери комиссариат оны Саратов авиациялық барлау мектебінің дайындық курсына жіберген. Онда әскери дайындықтан өтіп, парашотпен секіруді, са-

молетпен ұшуды, барлау жұмыстарын жүргізуді меңгерді.

Осындай жан-жақты дайындықтан өткен соң, ол Сталинград майданына аттанады. Сталинград майданында әскери барлаушы болған санаулы казак қыздарының бірі. Құрамында үш қыз бар экипаж жау шебіне өтіп, онда жаудың әскери объектілерін суретке түсіріп, әскер басшыларына дер кезінде жеткізіп отырған. Барлауда ұшақпен ұшып жүрген уақытта, «Тұтқынға түсіп қалсақ» – деген бастағы ойды өзінің еліне деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімімен жеңіп, тапсырманы тиянақты орындап отырды.

1944 жылы барлауда жүргенде жаракат алып госпитальға түседі. Емделіп шыққан соң майданға сұранғанымен әскери комиссариат рұқсат бермейді. Әскерден босатылып, майдан наградларымен марапатталып, абыроймен елге оралады.

Қарағанды қаласына келгеннен кейін, жарақатына қарамастан, еңбекке белсене араласты. Шахтадағы кеншілердің комсомол комитетін басқарды. 1949 жылы С.Асфендияров атындағы Алматы медицина институтына түсіп, оны ойдағыдай бітіреді. Кейін қаладағы №1 перзентханада дәрігер болып, 20 жылдан астам еңбек етіп, оның 13 жылын бас дәрігер ретінде қызмет атқарды.

Институтта оқып жүріп тұрмыс құрады. Гүлбархам Сейфуллинаның тәрбиесінде болып, сол кісінің қолынан ұзатылған. Өзінің еңбек жолында мыңдаған ана мен бала өміріне араша болды. Қан майданда барлаушы, бейбіт өмірде ана мен баланың қорғаушысы болды. Өмірлік жолдасы өте сыйлы азамат Кәрібай Шоқатаев қызметіне байланысты Көк-

шетауға қоныс аударып, онда да әйелдер босанатын үйдің бас дәрігері болды.

«Қазақстанның кәсіпкер әйелдері» қайырымдылық қауымдастығының вице-президенті болып, абыройлы қызмет атқарды. Ерен еңбегі лайықты бағаланып «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері, Медицина саласының үздігі, Қазақ ССР-і акушер-гинекологтарының І,ІІ съезінің ұйымдастырушысы, Кеңес Одағы акушер гинекологтарының ХІІ съезінің делегаты.

Ол туралы «Қарағандының жауынгер қыздары» жинағында және «Майданда – барлаушы, тылда – дәрігер» тақырыптарында баспасөзде мақалалар жарияланған.

Жолдасы Кәрібай мен Рахила апай Тимур, Дамир атты ұлдарын тәрбиелеп, оқытып жеткізді. Тимур – Ішкі істер министрлігінде жауапты қызметте. Дамир – ғылым жолында. Бес немересі бар. Ең үлкен немересі – Санжар атасының жолымен жүріп, заңгер болды. Кішісі – Сардар мамандандырылған ағылшын мектебін үздік бітіріп, шет елде еңбек етіп жатыр.

Өмірінің соңғы жылдары да кеншілер астанасында өтті. 2005 жылы Қарағанды қаласында қайтыс болды.

Міне, ерлігімен отансүйіштіктің, ерен еңбегімен еңбексүйіштіктің үлгісін көрсетіп, соңында өшпес із қалдырған апамыз Рахила Ералина өмірі жас ұрпаққа үлгі-өнеге.

Бикен АХМЕТОВА,
Қазақстанның Құрметті журналисі

• БРИФИНГ

Сақтансаң, сақтайды

Наурыз мейрамы келе жатыр. Жыл сайын киіз үйлер тігіліп, кәсіпкерлер мерекелеу орындарында көшпелі сауда жасайтыны белгілі. Осы ретте жігіт ішек инфекцияларын жұқтыру қаупі туралы ұмытпау керектігін еске салды облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысы Юрий Залыгин.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өмірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте департамент басшысы жігіт ішек инфекцияларын жұқтыру ерекшеліктерін жоғары болатынын айтты.

– Дайындалған орны белгісіз, жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімдерін сатып алу және оларды дұрыс сақтамау, тамақ дайындау технологиясының бұзылуы, майонезі көп қосылған салаттарды артығымен дайындау, кремді үй торттары және басқа да тез бұзылатын өнімдер, тамақ дайындау

процесінде жеке гигиена ережелерін сақтамау себептерінен жігіт ішек инфекцияларын жұқтыру жағдайлары орын алады, – деді Юрий Залыгин.

Спикер қаптаманың тұтастығы бұзылған және таңбалы белгілері жоқ тамақ өнімдерін сатып алмауға кеңес берді. Көшедегі мерекелеу кезінде гигиенаның қарапайым ережелерін ескерген маңызды.

– Сатып алу кезінде және тамақты тұтынар алдында өнімнің жасалған күнін, сақтау шарттарын және сату мерзімін тексеріңіз, тамақ өнімдеріне



арналған бір реттік ыдысты қолданыңыз. Қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдаланыңыз, сондай-ақ, зауыттық қаптамаға оралған балмұздақ тұтынған дұрыс, – деді спикер.

Көшпелі сауданы ұйымдастыру кезінде кәсіпкерлер сақтауы тиіс бірқатар талаптар бар. Атап айтқанда, өнімдер арнайы көлікпен тасымалдануы керек.

Өнімді сақтау және сату кезінде тауарлық талаптарды сақтай отырып, тез бұзылатын өнімге арналған тозаңтқыш қондырғыларын қолдану. Барлық өнімнің қауіпсіздігін растайтын құжаттардың, бір реттік ыдыстар, кесіп, буып-гүю құралдардың, сонымен бірге, сатушының арнайы киімінің болуы маңызды. Үйде әзірленген консерві өнімдерін (маринадалған саңырауқұлақтар, маринадалған кияр, қызанақ және басқа да) сатуға және пайдалануға, сондай-ақ, тұтастығы бұзылған, қақпағы ісінген, тот басқан, деформациясы бар банка консервілерін сатуға тыйым салынған.

Стационарлық сауда нысандарында және қоғамдық орындарда санитарлық талаптарға сәйкес барлық көзделген ережелерді сақтау қажет.

• ТАҒЫМ

Жаны жайсаң Жазылбек

1997 жылы журналистика кафедрасының алғашқы толқыны өндірістік тәжірибені облыстық телерадио мекемесінде өткізді. Сол радиода жүрген кезімде отызға аяқ басқан осы бір сырбаз, сақа жігітпен именбей еркін араластым. Мен өскен Қарағайлыға жақын Қу өңірі Егіндібұлақтың азаматы болып шықты.



Кейін 2000 жылдардың басында «Осы аймақтық телерадио компаниясына жұмысқа тұрамыз!» деп, журналистиканы бітірген оператор Еркеұлан Тойболдин екеуіміз тоғыз айдай табылдырығын тоздырдық. Сол кезде де талабымызға демеу болып, бізді қала ішіндегі түсірілімдерге тартып жүретін.

Бізге жақын болатындығының тағы бір себебі сол кезде филология факультетін сырттай оқып, бітіріп шықты. Сұлулыққа жаны құмар, әдемілікті әспеттей білетін. Кескін келбетіміз бен кесек сөздерімізді көгілдір экранға бейімдей бастаған алғашқы сюжет, хабарларымызға балаша қуанатын.

Ол кезде облыстық теледидарда Кәмен Ахметов, Садық Таласбаевтай елге танымал ағалар бар еді. Жеңіс Сарымырза, Нұрлан Әбіжановтармен қоян қолтық араласып кеттік. Өз мінезімен өнеге болған ағамыз да өнерден кенде емес еді. Алматыда Құрманғазы атындағы консерваторияның опера класында оқыған Жазылбектің жаңғырта салған әндеріне талай қу болдық.

Ас пен тойларда, мереке-мейрамдарда түсірілім жұмыстарымен жүрген Жәкен, кешке сол өнерпаздардың ортасынан ойып тұрып орын алатын. Көшім руынан тарайтын Балқантау баурайының көркем жігітінің бойынан Жүсіпбек Елебековтей аңыз ағаларының ерекше лебі есетін.

Осы «Орталықтың» бас редакторы Мағаш аға да (Мағауия Сем-

бай марқұм) Жазылбекпен жақсы қалжындаушы еді. Ерте кездерде Жүсекең Алматыдан шырмаған кезде, аудан ортасындағы радио қабылдағыш ілінген бағананы туыстары «Бауырым-ау!» – деп құшақтайды екен-мыс. Осыны мен-зеген Мағау аға Жазекең электр бағаналарын нұсқап жымың-жымың ететін. Марқұм-журналист Мартбек Тоқмырза, өнертанушы, әнші Ерлан Төлеутай құрдастарымен қатты қалжындаушы еді. Оператор Жазылбек ұстаз, Ұлы Отан соғысының ардагері әкесі Нұртаза Бөкжанов атын асқақтатты. Бұл бөлек болмысты ағасы, облыстық С.Сейфуллин атындағы казак драма театрының белді актері, сазгер Батырхан ағамыздан да көреміз.

Жазылбек Нұртазаұлының облыстық Республикалық телерадиоларда өзіндік қолтаңбасы қалды. Мақтау қағаз бен Алғыс хаттан кенде болған жоқ. «Өтпеген-ай» деген өкінішпен осы наурыздың 23-жұлдызында елудің бел ортасын еңсерер еді.

Барша ауылдас, жақын-жұрағаттарына, өнер жолындағы, өмір ағысын бірге кешкен жолдас-жораларына қайғыра көңіл айтамыз. Шынар жеңемізге шыдамдылық пен шырайлы ғұмыр тілейміз. Назерке мен Нұрасыл балалары мен немерелері әке-аталарының жасамаған жасына жетсін!

Қош, жақсы аға Жазылбек!

Руслан НҮРБАЙ

1. «ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Өлеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00 – 18.30 дейін жұмыс тәртібімен 8-(7212)-41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді»

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Өлеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

- Саран қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72137)-5-11-44
- Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72156)-3-91-84;
- Теміртау қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(7213)-98-10-18;
- Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72146)-3-17-38;
- Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72154)-2-12-87;
- Нұра аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72144)-5-29-88;
- Осакаров аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72149)-4-18-90;
- Абай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72131)-4-47-37;
- Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71037)-2-10-11;
- Балқаш қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71036)-4-07-49;
- Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71039)-5-20-45;
- Шет аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71031)-2-18-06;

2. «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс Кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00 – 18.30 дейін жұмыс тәртібімен 42-57-81 сенім телефоны қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы «terkom_kar@minfin.gov.kz»

Хабарландыру
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы 2024 жылғы 19 сәуірде үш тілді (казак, ағылшын, орыс тілдерін) жетік меңгерген облыстың 15 жастан 30 жасқа дейінгі тұрғындары арасында «Тілдарын» облыстық байқауын өткізеді.
«Тілдарын» облыстық байқауы 3 кезеңнен тұрады:
1) «Сөзтаным» – экранда көрсетілген тақырып аясында казак тілінде жауап беру қажет (2 мин.);
2) «Ойтаным» – экранда берілген қазақтың мақал-мәтелдерінің мағынасын орыс тілінде ашып беру қажет (2 мин.);
3) «Елтаным» – экранда көрсетілген еліміздің, сондай-ақ өңірліміздің қасиетті жерлері мен киелі орындары туралы сұрақтарға ағылшын тілінде жауап беру қажет (2 мин.).
Байқау туралы Ереженің мәтінімен толығырақ Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ресми сайтында танысуға болады.
Байланыс телефондары: 8/7212/51-01-88, 8-701-953-09-37.

№68

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс Кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00 – 18.00 дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі "ММ-де бөлім қызметшілерінің" Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы "Заңдарының және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Өлеп кодексінің нормаларын бұзу фактілері туралы хабарлау үшін 506559 сенім телефоны жұмыс істейді.

д

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңіл автокөліктер үшін
• жеңіл жүзектіліктер үшін
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін

БӘ АРҒАН ШИНАЛАР
САТПАЙМЫЗ,
БӘ АРҒАНДУ БАҒАҒА
САТАМЫЗ

Қарағанды қ. қойма: Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8 707 80 35 800

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Сан қырлы талант әлеміне саяхат

Амал мерекесінде «90 жылдыкқа – 90 кездесу» жобасы аясында М.Әуезов атындағы қалалық кітапханаға жиналған қарағандылықтар Мәдениет және театр қайраткері, жазушы-драматург, режиссер Аманолла Шайбековпен кездесті. Режиссер Амал мерекесіне орайластырылған кешінде оқырманымен қол алысып, көрерменін қарсы алды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жазушы-драматург өнеріне қолдау білдіріп келген көрерменге 50-ге тарта әні кіріктірілген «Айға айналған махаббат» әндер жинағын тарту етті. Кездесуде Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Кеңес Жұмабеков, Шет ауданының Құрметті азаматы Әділ Бакиров, Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы Ниханбай Омарханов сөз алып, есте қалған ерекше естеліктерімен бөлісті.

– Өнерге жаны аштындар азайып барады. Ән мен жырдың өлкесі Ақтоғайдың перзенті Аманолла Шайбеков тоқырау жылдарында руханиятымыздың бір пұшағы – халық театрын көтеруде ерлікке бергізді еңбек сіңірді. Өнер саласында, әсіресе, ауыл мәдениетін көтеруде Аманолла секілді азаматтардың орны ерек. Аудан, ауылдарды аралап жүріп, Ақтоғайға жол түскенде Әлжаппар Әбішевтің «Найзағай» романының желісі сахналанған қойылым маған ерекше әсер етті. Мәдидің бейнесін сомдаған әртістің шеберлігі есімнен кетпейді, – деді Кеңес Жұмабеков.

Кездесуде «Судыр Ахмет» атындағы рес-

сы. Еңбектері көпшілік тарапынан қолдау тауып, республикаға насихатталуы тиіс, – деді Мәдениет қайраткері Дунай Еспаев.

Кездесуде Аманолла ағамен Ақтоғай аудандық мәдениет үйінде бірге қызмет



публикалық сатириктер сайысындағы бас жүлде иегері Аманолла ағаның «Мұғалім» сатирасы әдеби қауымды елең еткізді. «Мұғалім мен оқушы» шығармасын орындаған автор, әзіл-шыны аралас қойылыммен жиылған жұрттың көңілін көтерді.

– Аманолла Шайбеков тамаша режиссер ғана емес, сахна тілін, шеберлікті, режиссураны үйрететін бірнеше кітаптардың авто-

атқарған Нұрлан Күлшікенов әріптесінің шығармаларының негізгі түйіні өнерді ұлықтау екенін атады. Әсіресе, Ақтоғай өнерін және Орталық Қазақстан өңірінде өмір сүрген «Дала данышпандарын» дәріптеп, республика көлеміне танымал студия еңбегіне ерекше тоқталды.

– Аманолла ағамен қатарлас қызмет атқарды. Ауыл мәдениетінің дамуына үлес қостық.

• ПРЕМЬЕРА

«Еркебайдың» ерекше әлемі

Отандық «Еркебай» фильмінің тұсауы кесілді. Туынды алғаш рет қарағандылық көзі қаракты көрермен назарына ұсынылды. Алдымен, «Сарыжайлау» кинотеатрында отбасылық комедияның шығармашылық ұжымы көрермендермен кездесіп, фильм туралы сауалдарына жауап берді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фильм 14 наурыздан еліміздің барлық кинотеатрларында көрсетілімін бастады. Қарағандылық жұртшылық шығармашылық ұжымды зор ықыласпен құшақ жая қарсы алды. Актерлік құрам көрермен қошеметіне бөленіп, қызыл кілеммен жүріп өтті.

– Балаларға арналған кино жоқтың қасы. Бұл фильмді түсіргендегі алға қойған негізгі мақсатымыз – балалардың ой-өрісін дамытуға ықпал ету. Жан-жақты, алғыр болуға жетелеу. Бұл туындыны қазіргі заманауи технологиямен бөлек түсірілген фильмдердің алғашқысы десек болады, – дейді «Таудай талап production» компаниясының директоры Айдын Алиев.

Дәулетті кәсіпкердің ұлын ұрлап кеткен бұзақылар болсаулаумен ақша табуды

көздейді. Бір күндік шытырман оқиға барысында ерке баланың басынан кешкен қиылы жайттар фильмге арқау болған.

Бас кейіпкер Еркебай образын Расул Бауыржан сомдайды. Актер төрт жасынан бастап түсірілім алаңында жүріп, әбден ысылған. Бұл – оның комедиялық фильмдердегі үшінші басты ролі.

– Фильм маған қызық болды. Өйткені, NOMAD каскадерлерімен өмірімде бірінші рет жұмыс істедім. Өз образымды ойнау қиынға соқпады. Мұндағы менің образым – үйде отырып қалған бала. Болашақта шет елдік фильмдерге де түсуді армандаймын, – деп атап өтті Расул Бауыржан.

Кинотуынды өте қысқа уақытта дайындалған. Екі ай ішінде сценарий жазылып, 20 күнде түсірілді. Актерлік құрамда отандық танымал әртістер бас қосқан. Басты рөлдегі ұрының бірі –



Өшім Ахметов. Тұсаукесер күні оның туған күнімен тұспа-тұс келгенін айта кеткен жөн.

– Басында режиссер «Өте қиын болады, дайындалып келіңдер» деді. Аздаған қорқыныш болды. Себебі, түсірілім басталғанда Алматының ең ылғалды,

суық кезі еді. Біз 15 күн тауда, 15 күн түнгі сьемкаларда жұмыс істедік. Күндіз ұйықтаймыз, түнде түсірілімге қатысамыз. Бірақ, бәрі ойдағыдай шықты, – деді Өшім Ахметов.

Тұсаукесерге келген халықтың қарасы қалың. Шараға мүмкіндігі шектеулі балалар арнайы шақырылған. Олар – облыстық балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының тәрбиеленушілері. Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының «Зекет және қайырымдылық» қорының өкілдері балаларға арнайы тәттілер таратты. Бұдан бөлек, «Сарыжайлау» кинотеатрының атынан көпбалалы отбасылар мен қарттар ұйымына сыйлық берілді.

Фильмді түсіруге 120 млн. теңге қаржы жұмсалған. «Таудай талап production» компаниясының өнімі. «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасының тапсырысымен түсірілген. Фильмде Іле-Алатау тауларының табиғаты көрсетіледі. Шығармашылық ұжым кинокартинаның келесі бөлімдерін еліміздің басқа өңірлерінде түсіруді жоспарлап отыр.

• СЕМИНАР

«Әке көрген – оқ жонар»

Қарағандыдағы Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясында ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз ұрпақ өсіп келеді. Білім ошағы ай сайын «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды насихаттайтын шараларды жиі өткізіп тұрады. Соның бірі «Ұлағат» әкелер мектебі мен «Қаһарман» ұлдар клубы жобаларының жұмысын насихаттаған қалалық тәжірибе тарату семинары.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиында білім алушыларға дұрыс тәрбие беру мақсатында әкелердің жауапкершілігін арттыру сөз болды. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеген мұғалімдер, бала мен әке ынтымақтастығын орнатуға жағдай жасаудың жолдарын талқылады. Семинардың сапалы өтуіне гимназияның әкелер мектебінің мүшелері атсалысты. «Өнегелі өмір» жобасын негізге алған спорт шеберлерінен құралған әкелер дөңгелек үстел барысында бала тәрбиесіне жіті көңіл бөледі құптады.

– Әкенің тәрбиесін, ақылдан алып өскен бала қашанда мінезді, намысты болып ержетеді. Алайда әлсіз, әлжуаз балалар көбеледі. Бұл – қоғамда отбасындағы әкенің ролі төмендеп бара жатқандығын білдіреді. Бұған тек қана әкелер емес, отбасының ұйытқысы аналар да жауапты екені хақ. Қазіргі таңда бала үшін әкенің орны ерек. Ұрпағын ойлаған әкелер тек ақылмен, сөзімен емес, баласына жүріс-тұрысымен, мінез-құлқымен тәрбие беруі тиіс. Ақыл айтумен шектелу жеткіліксіз, – деді Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры Мейірман Сыздықов.



Екінші бөлімде ұлттық тағамның пайдасы мен ерекшелігін атай отырып, соғым, мүше тартудағы шеберлік сағаты ерекше өтті. «Жеті атасын білмеген, – атты шешіре тарату оқушыларға ерекше әсер қалдырды.

– Ұлға үлгілі әке болу оңай емес. Өйткені «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды». Асқар таудай әкесін пана тұтқан бала әлжуаз болмайды. Ата тегін біліп, Отанын ойлап тұрады. Бірде қарт Құнанбай баласы Абайды шақырып «Балам, сен әкең

ді бала тәрбиелей алуың керек» деп жауап қатқан деседі. Баланың бойындағы осындай ер мінез, ежеттілік, мәрттік қасиеттер әке арқылы қалыптасып, дамиды. Абай секілді ұлылар ұлағатын үлгі етіп, бала мен әке қарым-қатынасын дамытуға бағытталған семинарымыз жоғары деңгейде өтті, – деді Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясы директорының орынбасары Ақгүл Жұматаева.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы «Әкенің балаға ұсынар кітабы» REDX. форматтың кездесуіне әкелер балаларына үздік кітаптар ұсынды. Семинар соңы колөнер, робототехникамен ұлттық ерекшелікті ұлықтаған көрмеге ұласты.

Әке fest гала-концерті гимназия әкелерінің балаларымен сахнада ән айтып, күй тартуына ықпал етті. Әкелер мен балалардың әдемі кездесуі көпшілікке ерекше әсер қалдырды.

Әкелер сөзінде ғалымдар баланың тұлға болып қалыптасуына төрт фактор әсер ететінін анықтағанын тілге тиек етті. Бала бүлдіршін шағында алдымен ата-анасының өзін ұстауынан бастап, жүріс-тұрысы, адаммен қарым-қатынасына дейін бақылап, қайталайды екен. Кейін мектептегі жасөспірім шағы өміріне жағымды әрі жағымсыз әсер де қалдыратын көрінеді. Есейген шағында қоршаған ортасы қоғамдық пікір қалыптасуына әсер етеді. Осыны ескерген ата-ананың балаға байыппен қарағаны дұрыс көрінеді. Өйткені, бүгінгі бала – ертеңгі өркениетті қоғамның негізін қалаушы.

Сурет ұйымдастырушылардан



Өнердің түрлі саласында сеніп тапсырылған қандай да болмасын міндетті абыроймен атқарды. Бүгінде облыстың тарихи тұлғалары туралы тарихи тәлімдік насихат жүргізеді. Сондай-ақ, ол сазер әрі режиссер, сценарист, сатирик және сахна өнерінің зерттеушісі.

1990 жылдары Семей, Талдықорған, Павлодар, Қарағанды және Жезқазған, Алматы, Жамбыл облыстарындағы ауылдық жердегі мәдениет ошақтарын сақтауды көздеп, насихат жүргізгенін білесіздер, – деп атап өтті Нұрлан Күлшікенов.

Кеште автор өзінің «Сарқылмас сырлы Сарыарқа» кітабына тоқталды.

– «Сарқылмас сырлы Сарыарқа» танымдық романы Орталық Қазақстан жерінде өмір сүрген және өмір сүретін белгілі Орта жүз ішіндегі Арғын атасынан бөлініп шығатын ата бабалар тарихына арналған. Кітап әдеби көркем тілде жазылған, – деді Аманолла Ақторғайұлы.

Оқырмандар сан қырлы өнерпаздар гитарада ән шырқауын сұраса, үзегілері қызмет барысындағы қызықты естеліктермен бөлісуі құп көрді. Театр өнеріне қызығушылық танытқан жастар автордың сахна тілі жайлы сараптап жазған кітаптарына қызықты.

Суретті түсірген автор

• ШАХМАТ

Қоржында – қола медаль

Түркияның Эрзурум қаласында өткен XX қысқы Сурдлимпиада ойындарында классикалық шахматтан Қазақстан ерлер құрамасы қола медаль жеңіп алды. Команда құрамында қарағандылық Виктор Максименко өнер көрсетті.

Классикалық шахматтан 13 команда бақ сынасты. Алтынды 12 ұпай жинаған хорватиялықтар, күмісті 11 ұпаймен поляк шахматшылары иеленсе, үздік үштікті 10 ұпаймен Қазақстан командасы түйіндеді.

– Қарсыластар жоғары деңгейлі шеберлік көрсетті. Біздің спортшылар Италия, Германия және Сербия командаларын жеңіп, Украина һәм Польшамен тең ойнады. Тек, Хорватияға есе жіберді. Жеті турдан кейін он үш команда ішінен үшінші орын бұйырды, – дейді аға жаттықтырушы Елдос Күзербаяв.



• ХОККЕЙ

Сан соғып қалды

Көкшетауда тұрақты чемпионаттың жартылай финалдық кезеңінің бірінші ойыны өтті. Алдыңғы кезеңде шебер ойын көрсеткен қарағандылық «Сарыарқа» Көкшетаудың «Арлан» командасына 0:2 есебімен есе жіберді.

Өте тартысты өткен ойында жерлестеріміз бүгін Сергей Кудрявцевтің қақпасына 30-ға жуық дәл соққы жасаса да, шайбалы торға тоғыта алмады.

«Арлан» командасы ойыншылары екі нәтижелі шабуыл ұйымдастырып, Дмитрий Гренц пен Андрей Павленко алдыңғы шепке шығып, дәл соққымен екі гол соқты.

Осылайша, көкшетаулықтар жартылай финалдық кезеңдегі алғашқы ұпайларын еншіледі. Енді, жерлестерімізге алдағы ойынның жауапкершілігі өте маңызды болып отыр.

• КӨПСАЙС

Тартысқа толы турнир

Ұлыс күні қарсаңында облыстың полиция департаменті мен Ұлттық ұлан ардагерлер кеңесінің Кубогіне арналған ардагерлер мен жас қызметкерлерден құралған 13 бөлімше командасы қатысқан көпсайыс турнирі өтті.

Спорттық жекпе-жектерге барлығы 100 спортшы қатысып, волейбол, үстел теннис және шахматтан үздіктер анықталды.

Волейболдан Шет аудандық ПБ командасы I орынды, II орынды – Қарағанды қалалық ПБ, III орынды облыстық ішкі істер департаменті иеленді.

Шахматтан Шахтинск ПБ өкілдері үздік атанса, Абай аудандық бөлімшесі екінші, облыстың арнайы жасақ өкілдері үшінші орынға табан тіреді.

Үстел теннисінен Қарағанды қаласы ПБ патрульдік полиция полкінің командасы көш бастаса, Абай ауданы ПБ командасы екінші, Қарағанды қаласы Киров атындағы ПБ үшінші орынға ие болды.

Жалпы командалық есепте Шахтинск қаласы бірінші, Абай ауданы екінші, Шет ауданы үшінші орынды иеленді.



Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»
Суреттер ашық дереккөзден

